

*Мадина Еркінбекқызы*



*Қазақ айы*

*олектер*

**Мадина ЕРКІНБЕКҚЫЗЫ**

**ҚАЗАН АЙЫ**

*Өлеңдер*

Тараз  
«Формат-Принт»  
2010

УДК 821.512.122  
ББК 84 Қаз 7-5  
Е 68

Еркінбекқызы М.  
«Қазан айы».  
Өлеңдер.

Еркінбекқызы М.  
Е 68 «Қазан айы» өлеңдер: -Тараз:  
«Формат – Принт», 2010.- 140 бет.  
ISBN 978-601-7173-09-8

Бұл кітаптың авторы Мадина Еркінбекқызы түганнынан бірінші топ мүгедегі. Он төрт жасынан бастап өлең жазатын Мадинаның өлеңдері, шыгармалары облыстық, аудандық газеттерге бірнеше рет жарияланған.

Мадина Еркінбекқызы бұл кітапта өмір, қогам, адамгершілік жайлы кеңінен қалам тербейді. Кітапқа автордың өлеңдері мен пәлсапалық ойлары топтастырылған.

Кітап жалпы оқырманга арналған.

УДК 821.512.122  
ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 978-601-7173-09-8 ©Еркінбекқызы М. 2010



**Алғы сөз**

**Ең арманышыл ақыннан тұнық поэзия туады.**

Ертеректе өмір сүрген Мәтжан биден:"Сіздің сөзден женілген кезініз болды ма?"-деп сұрағанда ,ол кісі: "Неге женилмейін?! Сөздің жанын, сөздің мәнін, сөздің дәмін ұқпайтын надан дүрден күнде женилем" депті . Қасқыр қылыктас қоғамға "баршылық сайран салғалы,камсыз қөнілдерге таршылық кіргізіп,рухани санамызда токтаусыз күрес жүргізіп" жатқан казіргі кезенде сөз өнерінің киесін,сөз өнерінің қасиетін,қадірін үлкендер - ересек адамдардың өзі бағалап, бағамдай бермейтініне етіміз амалсыз үйренген.

Ал ,өз қатар -күрбыластары секілді тұлым-шағы желбіреп балдәуренниң қызығына қанбай желкілдеп жүрер шағында мазасыз ойлар жетегіне ілесіп,қалам тістеп ,қағаз кеміріп уакыт кетіретін оқшаш мінезді,балғын балауса қыз баланың қайсар талабына тебіренбей қарау мүмкін емес.

Тағдыр таукыметіне мойынсұнбай,буырқана толқыған өмір-өзеннің асау ағысына қабырғасы кайыспай касарыса қарсы жүзіп келе жатқан, Талас ауданындағы Есей би ауылында тұратын болашак журналист Мадина Еркінбекқызын аудандық, облыстық, жергілікті газет беттеріне жарияланған алғашқы шығармаларынан бері білемін.

Аяулы ата-анасының камкор пейіл шуағына

## Мадина Еркінбекқызы. ҚАЗАН АЙЫ.

шомылып, Зеберкүлдей ақынжанды мұғалімнің дәрісін тыңдалап есken Мадина -қыз творчествалық фантазия, интуиция, эмоцияны өзінің сенімді серігіне айналдырған. Жауказын жас өскіннін жүрек түкпірінде жасырын жатқан құпияларын киелі өлең өлкесінде ғана өріле алатын өрслі жырларымен жеткізуге ұмтылысының өзі-ақ оның "Ақын болумаксат емес, азамат болу-парыз" деп біletін парасатты, пайымды адам болып өсіп келе жатканының айқын айғағы.

"Сахна,- дейді ,жер беті,

Иә,ұқсайды келбеті,

Жалғандық деген гриннен,

Көрінбейді кей ел беті.-", деп ішкі түйсікпен қеудеге түйгенін қынжыла актарып, оқырманымен кіршіксіз ой бөлісіп,"боямасыз дос іздеп дүниеден, сонында қара өленді сынар еткен" жас ақын түрлі тақырыптарға киналмай қалам тербейді.

Мадина, ең алдымен-патриот. Тұған жері, Қаратаяуы-касиетті көне тауына мейірімін төгеді. Тәуелсіздік туралы толғап, желтоқсанды жырлайды. Тұған тілін әспеттеп ана тілім деп ардақтайды. "Шетінеген сәби"туралы әлеуметтік өлеңінде"Сен бізден бакыттысың періштем,дәм татпадың "куна" деген жемістен" деп,озық ұлгілі, биік білімдіділігін білдіре,кайғылының қаралы халін жұбатады.



Өз шығармаларында шетелге бала сату проблемасын да қамтыған ол "Олар енді мәңгүрт болып өседі", деп сәбілердің бұлышыры болашағына аландайды.

"Жігітке сері өзі сал,

Той бастаған жарасар", - деп келетін "Қазақ тойы" атты өлеңінде ата дәстүрден алшақтап, құлқынның уақытша құлы болып та кететін кейбір үлкен-кіші замандастарымызды:

"Кімді көрдің ән салмай,

Той бастарға таласар", - деп ашы ақиқат пен ауыр мысқылға толы салмақты сөздерімен әдемі түйрейді.

Қысқасы, шығармаларымен теренірек танысқан адам "даласының тауларындей тәкәппар "бойжеткеннің жазу өнерінде жан-жақты , сегіз қырлы , бір сырлы екендігіне көз жеткізеді. Ол бірде Жюль Ренер, Гераклит сынды ғұламалардың даналық пікірлеріне талдау жасаса, енді бірде, "Жасырын жас "секілді лирикалық новеллалар жазып, шерлі көкіректегі мөлдір мұндың тозаңын сұртіп , аңсар сағыныштың шаңын шаяды, арманын жарқыратады.

Менің бір байқағаным, Мадина күзді көп жырлайды. Бұл-халықтық фольклордың суатынан қанып, ұлы Абай жырларымен сусындал, Пушкин поэзиясынан нәр алып, қазіргі заманғы әдебиетпен


## Мадина Еркінбекқызы. ҚАЗАН АЙЫ

тығыз байланыс орнатқан нағыз дарынның өзіндік стилі. Сондықтан да, "Куарып жерге түскен әр жапырақ, тағдырымдай өзімнің мазалайды," Қазан айы неге саған ұқсадым, шығарамыз амалсыздан тысқа мұн"..."(Қазан айы") деп жүрек сырын табиғаттың тылсымына жайып салған жаны жаралы сіңлімнің жарыққа шыққалы отырған алғашқы кітабының тұсауын кесіп, жырларына жолдар алғы сөзімде оның атына тек қана жылы сөз, жүйелі тілек айтқым келді.. Көш жүре түзеледі. Қанат ұшса ғана қатаяды. "Улken жазушы болу үшін талант, біліммен қоса, бақытсыз балалық керек" деген Э. Хемингуей. Мен де Мадина сіңлімнің өлең өлкесінде талай асуды алып, талай биікті бағындыратынына сенемін.

Ең арманшыл нәзік ақыннан ғана тұнық поэзия жарапатының есінде сақта, қарағым Мадина! Еркін ойлы еркіне тұсау салма! Поэзия кеңістігінде құлашынды кең сермеп самғай бер! Эумин!

**УМІТ БИТЕНОВА, ақын**

Мадина Еркінбекқызы. ҚАЗАН АЙЫ.



1-бөлім.

Бақыттың  
қаласына жетем  
дег жүргендер



Соға берсің жүргегін  
 Мойынға алған ба өмір кінәсін,  
 Жылай-жылай жасынды да тиясын.  
 Ана жаққа алып кетпесен де,  
 Көзің тоймай дүниені жиясын.  
 Тіршіліктे бәрін жау көресін,  
 Санага тек жаман ой құясын.  
 Мына әлем қанша кең болса да,  
 Серпіліп жазылмайды-ау құлашын,  
 Өзгермес осы өмір заңынан,  
 Тастан кетер құс та күзде ұясын.  
 Жақындар жүргегіне сыймасаң да,  
 Аяғында қара жерге сиясын.

\* \* \*

Бұзбасанды сен оның еш сынын,  
 Өтеп алар мың есе өмір құнын.  
 Орындалмай күткениң келер жынын,  
 Талай сорлы өтті ғой бізден бұрын.

Қара жер құшағына алшы бәрін,  
 Алғанша адамның өмір сәнін.  
 Үзе сал қиуы келмес түрмис әнін,  
 Қинамай пендениң шыбын жанын.

Жок. Бұл құлазу тек менің жырым,  
 Біткен сон тіршілікке айттар сырым.  
 Мәнгі күрсесе бер жығылсан да,  
 Соға берсің жүргегің таппай тыным.

Ағайындар.

«Ағайын бар болса көре алмайды,  
Жоқ болса тауып бере алмайды»  
Қанша ғасыр бұрын айтылса да,  
Бұл мақал магынасы жоғалмайды.

Бұл заманда ағайындар үялмайды,  
Жамандасқан да ауызын жия алмайды.  
Бірін-бірі күндеңен ағайынның,  
Қылығы санама еш сия алмайды.

Байлық үшін атысып, шабысады,  
Жәй отырса да сөзбен қағысады.  
Не істесе де бірақ та бәрі бір,  
Бірге туған соң түбі табысады.

Ағайынның негізі түр-түрі бар,  
Бәрінің де өзіндік қыр-сыры бар .  
Ағайын бетіне қарап күлгемен,  
Саған деген ішінде шың сыны бар.

Қанша рет ағайынмен қағыссанда,  
Бар болғанға жетпейді соғыссанда.  
Ағайын алауыздығын қоймайды,  
Ақ майынды аузынан ағызсан да.

15.06.06



### Ақын жаны

Шыға бермес әрқашан ойдағы дөп,  
Ақындар өмірінің тайғағы көп.  
Артында қалады тек қара өлең,  
Бес күндік ғұмырының айғағы болп.

Ақын сөзі - заманының әз айнасы,  
Қаласын, қаламасын айналасы.  
Бір сөз үшін мәңгілік ырза болып,  
Бір сөзден-ак жиренер қайран басы.

Өлеңің де - тазалығы, нақ шыны,  
Кеудесіне ғұл етіп тақты мұны  
Бір күні қуаныш болп бүршік жарса,  
Мұн жамылдып есігін қақты тұні.

Нағыз ақын келеді көрегенді,  
Жүргегіне сыйғызар бар әлемді.  
Боямасыз дос ізден дүниеден,  
Сондықтан сыңар қылар қара өлеңді.

13 10 08  
"Талас тынысы" 29 08 09



## Аналар

Қайран біздің аналар қасиетті,  
Айтқан сөзі бейне бір өсиетті.  
Аналар бұл әлемді гүл етті,  
Кім бар екен анадан құдіретті .

Ана деген тіршілік тірегі,  
Мына фәнидің ол-жүргегі.  
Ұл-қызы оның жылап-кулері,  
Баласының амандығы - тілегі.

Аналар бұл өмірдің мәні -сендер,  
Әрбір үйдің сәні -сендер.  
Мейірімділік кені -сендер,  
Мәңгі өмірдің әні -сендер.

Атынан айналайын аналар,  
Аналар дүние нұры саналар.  
Өздеріңсіз тіршілікті су алар,  
Аналарсыз өмір қалай оналар.



2006

Арак туралы

Қоям өзіме сұрақты,  
Кім шығарды аракты.  
Оны татсаң болғаны,  
Есін танаң жаракты.

Қазаққа бұл ас болды,  
Ібіліспен дос болды.  
Кәрісі де, жасы да,  
Ашы суға мас болды.

Жастар да арман қуған,  
Аракпен аузын жуған.  
Намазы бар кей қартта,  
Оразада тек ауыз буған.

Қорқағы батыр болар,  
Үндемесі ақын болар.  
Арак ішкен адамға,  
Жындылық жақын болар.



### Ата рухымен сырласу

Жеті жыл болды фәниден өткеніне,  
Келмestің кемесіне мініп кеткеніне.  
Өкінгемен ,ата, өмірден сіз өтті деп,  
Жақсылар онда да керек деп пе еді ме?

Еске алам ,еске алған сайын өзінді,  
"Кор болатын болдын-ау",-деген сөзінді.  
Ескермеппін ол кезде мен бұл мұнымды,  
Шын болды сөзің, жеткіздім оған көзімді.

Білесіз ,ата ,мен көрмеген азап бар ма?  
Білмедім әлі көре жатар тозак бар ма.  
Ем іздел маған бармаған жер қалмады,  
Оның қайтарымы болар ғажап бар ма?

Көнілден шығар жоқ өмірдің қылышы,  
Төзімім таусылып , қалды оның жұлышы.  
Жалт етіп үміт жанғанмен күл талқан болар,  
Жүректе бықсып мәнгі қалар былышы.

Соңғы кезде өзімді бос алдап қоямын,  
Күйіме қарап тез үмітті жоямын.  
Дегенмен менен де мұсәпірлер бар деп ,  
Шүкір айтып осы өміріме тоямын.

12.03.06



### Бағдат

Буш дегеннің түсіп қаһары,  
Бомбыланды Бағдат шаһары.  
Көздерін тесуші мұнай ғой,  
Түсінікті бізге сапары.

Террористер шықты дейді Бағдаттан,  
Неше түрлі дәлел тауып сан батпан.  
Бұзып алып бейбітшілік орнатпақ,  
АҚШ ізімен әскер кеп жан-жақтан.

Мекені Бағдат әдебиеттін,  
Тұғыры еді мәдениеттін.  
Оның қадірін қайдан білсін,  
Иелері әсем кәбинеттін.

Сылтаусыз жүріпті соғыска,  
Өре-түре келді шығыска.  
Қырды келіп жазықсыз елді,  
Қатысы да жоқ бұл ұрысқа.

Ордасы шайыр, шейхтердін,  
Күәсі назира, бәйіттердін.  
Қасиетті Бағдат мәдениеті,  
Табытына айналды мәйіттердің.  
Бітпейді басқасы аздай мүминге,  
Қақтығысы сунит пен шейттердің.

Бағдат-«Мың бір тұн» өмірге келген жер,  
Бағдат-аныз, ертегіге енген жер.  
Бұл қаланың тарихына көз салсақ,  
Озбыр басшы отаршылды женген жер.

Бағдат халқы-талай азап көрген ел,  
Басқа салса бомбыға да көнген ел.  
О, бастан-ақ адап ханға зәру ел,  
Ал былайша өнер-ғылым өнген ел.



## Ауылда жазық жоқ

Біздің ауыл-өзге ауылдан артық емес,  
Жарыстырып айта алман жартып егес.  
Қызыл тастың арасындағы қызгалдағым,  
Өкпелеме бұл боямасыз жыр жазғаным.

...Қара жолдар-жөндеу көрмеген салынғалы,  
Жылдан- жылға сапар соры қалындалы.  
Батпайды тастақ майлы жамбас өкілдерге,  
Асты биік мәшине мінген әкімдерге.

Әр үйдің маңында шоқы -қоқыс үйілген,  
Ертең ел -жұрт көшіп кететіндей бүйірден.  
Тартпайды мұнда ұялың да, интернетің,  
Ол рас, қызық жоқ ауатындай есіл- дертін.

Ой өрісі мен қой өрісінің жеткенінше,  
Жастар асығар оку іздең кеткенінше.  
Төбелес.  
Ұрланған жылқы.  
Ішілген арак,  
Күлкілі әңгіме айтсан бұлардан жырак.

Су да жоқ, газ да жоқ келіп тұрған ауылға,  
Сын да жоқ, наз да жоқ көшіп жатқан бауырга.  
Аязы қатты ағашын да ел бітірді,  
Орнын тапты ұлын, құдығына түкірді.



Бұлқыныссыз бұйығы ғана тіршілік,  
Жел тұрап азынап кетер дей ме тұншығып.  
Бірак мұнда ел «не дейд?!» деп ұялатын бет бар,  
Кей- кейде бұзылса да койылатын шек бар.

Аздап- аздап дәстүрден де қалған жұрнақ бар,  
Анау айтқандай болмаса да сынды актар.  
Бәрібір осы ауыл таудан білінгенде,  
«Жалғыз терек»бастап жасыл тал көрінгенде;

Өзіме ежелгі Тудмордай\* елестейді,  
Аспалы бакта әсерімен теңеспейді.  
Тұған жердің құдіреті дерсін түсінсен,  
Ауылда жазық жоқ қомсынасың несін сен.

31.10.09

*Тудмор-ежелгі сәулеті мен дәулеті келіскең құм  
арасындағы әсем қала. Қазіргі Сирия жерінде  
орналасқан.*



Нұрлы сағым

Ұмытылып кетті де тұсалғаным,  
Келді сағымға ілескім.  
Қанатымды комдадым, ұша алмадым,  
Әйтсе де бекер демеспін.

Жүргімнің құлақ күйін келтірдін,  
Бірақ пернесің баспадың.  
Сендік тайфун-толқынменен желпіндім,  
Тек ағымына қоспадың.

Шықпасымды біліп сен жүрген кияға,  
Киялмен өзімді алдадым.  
Өмірлік өкініш өлеңге сия ма ?!  
Мұнлы жырдан талмадым,

\* \* \*

Амал не кеудем сайрап тұрғанменен,  
Күш болмады күресуге.  
Терен күрсіну ғана қолдан келген,  
Нұр сағымда гүл өсуде.

\* \* \*

...Бәрі ойын, ойында жыламайды,  
Сабыр салқындық серігім.  
Қорықпасаң тістемес жылан-қайғы,  
Ал сағым-сезім елігім.

Үркек елік жеткізбесін білемін,  
Кууға әсте құлқым жок.  
Кейде тұртіп қалғанменен түленім,  
Әркім бір куған сағым доп...

18 11 09

«Желтоқсан...» деп

«Желтоқсан...» деп төгілуде қара өлеңдер,  
Әнгімелер, естеліктер, тағы нелер?!..  
Қайда жүрген сол бір кезде осы үлкендер,  
Тарихқа не деп акталасын  
О, кеменгер?

Жалын жастар жығып кеткен сон жауын орға,  
Түстен кейін кеп тұсақ қойлар маңырауда.  
Жыл сайын бір нәрсе жазып жамырауда,  
Керегі не, біледі оны санырау да.

Жұмып қойып сексен алтыда көзді бекем,  
Енді қарасаң көкіп шықты сезді бөтен.  
«Жастарға сенем» деп жүз жыл бұрын айтқанда,  
Ұлы Мағжан желтоқсанды сезді ме екен.

\* \* \* \*

Желтоқсан-елдің бес ғасырлық аманаты,  
Тек ешкім күтпепті, сол онын ғаламаты.  
Вулкандар қоқыс жиналғанда атқылайды,  
Лава – на мыс сөнбесін  
Е, қазақ жамағаты.

22.12.09





«Бақытын тілеп басқаның».  
Жарайды оны сен жат сана,  
Көкіректен қағып дос болма.  
Бақытқа жетпейтін сол бейбак,  
Бақыт тілеп жүрер басқаға.

Тек қанағат қып қолдағынды,  
Айтпашы оған арманынды.  
Сен қалауынды айтқан кезде,  
Күрсінер аңсан ол да мынды.

Ол қызғанбайды, қызығады,  
Қайғы жуып жүр ғой жүзін әлі.  
Жаз-болашағынды айтпашы,  
Көктемес оның күзі мәнгі.

Қарыр көкірегін сан шала,  
Қызығынды айтсаң тамсана.  
Кім болғаның маңызды емес,  
Бақыт тілегіш ол баршана.

16.12.09



Төзіп жүрген адамдар.

Ол оған,  
Анау анаған ,  
Төзіп жүрген адамдар.  
Бірі қаран,  
Бірі сараң,  
Өзгертер қай шамаң бар.  
Бетке құліп,  
Сөзбен тіліп,  
Шыдар саған амалсыздан.  
Білмес ұғып ,  
Езден бүгіп,  
Кеуден толып, тілің қызған.  
Арамдықтан,  
Жамандықтан,  
Құмары бір басылмаған.  
Аландама,  
Жамандама,  
Топас көзі ашылмаған.  
Сорлы басың,  
Бұлығарсың,  
Итке ит боп қаппайсың.  
Мың шыдарсың,  
Бір қырарсың,  
Бәрібір сен жақпайсың.

01-02 01 2010



Алғашқы сезім.

(«Махаббатты жырлашы» деп отінгендер үшін).

Қызық -ак алғашқы,  
Фашық боп қалғаның.  
Білінбей, байқалмай,  
Өшетін арманын.

Есейіп, өсерсін,  
Уақытың құм сағат.  
Откен күн елесі,  
Шақырап мұндалап.

Адам мен адамның,  
Кездесер әдеті  
Сөнген тек ғашықтық,  
Оның жок сөгеті.

Көргенде сен оны,  
Танымай бүлікпе.  
Сай келмес сендегі,  
Аяулы кейіпке.

Көңілің қалады,  
Суынар тез денен.  
Қарасаң сен оған,  
Ғашықсыз көзбенен.

Сыйлағын, құрметтеп,  
Жатсан да жаратпай.  
Жәй ғана жаба сал,  
Оқылған кітаптай.

Біракта, бәрібір,  
Жүрекке ыстық ол.  
Әртүрлі сын айтып,  
Мейлің сен сұсты бол.

Сәби ғой жүрегің,  
Балаға құлмен-ді.  
Ешқашан іздеме,  
Алғашқы сүйгенді.

2009

Алда әлі көрер сорың

Неге тағдыр мұндай деп,  
Мазалап сұрак жынданай кеп,  
Қиналып кейде жүрмісін?

Алда әлі көрер сорың,  
Жауыр болар талай жоның,  
Күтпе оналмас тұрмысың,

Қаның тасып қайнарадай,  
Еш жұбатуға алданбай,  
Ашудың қашап бұрғысын.

Қырсық деген кәрі какбас,  
«Пландауын» оған жакпас,  
Саған ғана сап дүrbісін.

Арманың қияға домалап,  
Төзімің мұлде жоғалад,  
Құнсызданып күллі ісін.

Сынар, тергеп жолықса бір ,  
Сенен ізделп таныс тамыр,  
Сайқымазактың үлгісін.

Жарға айналып жол бір тік,  
Мазанды алар көлгірсіп,  
Басқасы аздай білгішін.

Бейімделе бер одан да,  
Көніл қорықкан жаманға,  
Дәметпес де сен жөндісін.

Мәңгілік тауың шағылып ,  
Жүргендер озар жағынып,  
Өмірдің алып өндісін.

2009

**Бір жан**

Көрген қызық аз- ақ боп,  
Өмірі тек тозақ боп,  
Дон Кихоттай мазақ боп,  
Дүниеден бір жан өтіпті.

Жасушадайға сүйсініп,  
Қаранғылықтан күрсініп,  
Тенсіздіктерді кемсініп,  
Дүниеден бір жан өтіпті.

Айтқан сөзінен тайынбай,  
Өтірік күліп жағынбай,  
Жынды елменен жынды боп,  
Масғұт пенен қаныңдай.

Ар-ұятын сақтап жаныңдай,  
Қалтасы барға жалынбай,  
Өсек сөздерге бағынбай,  
Жөн сөзі үшін күлкі боп.

Бұл өмірді оңалтам деп,  
Әдеп нұрын таратам деп,  
Көр көңілді оятам деп,  
Дүниеден бір жан өтіпті.

Ici елге теріскендей ,  
Букіл әлем егескендей,  
Сыздаусыған күміс көмей,  
Оны алдаған тұлкі көп.

Іздесен ол жан кітап та ,  
Һақ сөз түсінер құлакта,  
Кезінде тұрткі бірақта,  
Дүниеден бір жан өтіпті.



## Қазактың диагнозы

Қалжында болса қазақтың шын түрі,  
Бір әнгіме айтайын ба күлкілі.  
АР -ҰЯТ деген дәрігердің алдына ,  
Біздің қазақ барыпты- мыс бір күні.  
Тыным бермей «құмар» деген бүлкілі.

АР-ҰЯТ шіркін көріп шықты асықпай,  
«Қалай айтсам-» деп ойлады жасытпай.  
-«Қазеке, бұл былай-» деп бастады,  
Айтайын деп диагнозын шошытпай.

-«Әкім болсаң еңкее алмай сорлайсын,  
Ақын болсаң өзге сөзін ұрлайсын.  
Өлгенінді отыра қап мақтайсын,  
Жақсы жанды тірісінде қорлайсын.  
Антұрғанды жақыным деп амалсыз,  
Бұрысын сен біле тұра қолдайсын.  
Тезірек сен емделмесен онбайсын.

Біреудің бос таңсығына табынар,  
Ауруын бар ебедейсіз жағынар.  
Ем жоқ «еліктегіш» деген дертіңе,  
Тұмайдай тек жаманың қабылдар.  
Қанға сінген «трайбализм\*»тағы бар,  
Бұл дертерден жазылғаның бағы бар.



Октау жұтып қойғансың- ау қақырын,  
Өршіп кеткен мақтаншактық қотырын.  
Бәрінен қыны анау көзіндегі,  
Өзіңнен өзгені көрмес соқырын.  
Сылдыруға болады ғой ақырын.

Көзің тоймас ішін лықып толса да,  
Жазылмассың қанша дәрі салса да,  
Емделуге құлқын жок-ау онша да».

Әңгімесің аяқтады дәрігер,  
АР ҰЯТҚА бұрыннан қазак мәлім ер.  
-«Бопты,-» деп қазак жәймен шыға берді,  
Сезілмеді еш аурулық әбігер.  
Білгендерге аянышты көрінер.

18.04.09

*ТРАЙБАЛИЗМ- тайпалар, рулар  
жасуласуы, согысуы.*



Сериал ,кино..

Кезекті шетел фильмі,  
Айырмасыз сюжет иірімі.  
Бірі тоймай жауыздыққа,  
Бірінің шексіз мейірімі.

Махаббаттан басқа мұны жок,  
Фирмашыл өнкей ірі көп.  
Жүйткіген көлік бәрінде,  
Бұлдіріп жүрер бірі шок.

Бәрі философ ,бәрі акын,  
Осында-ау жұмақ-жаннатын.  
Жиналған бүкіл көркемдер,  
Қарасан көзің талатын.

Ғашығы асқан аңыздан,  
Арылмас мұнда маңыздан.  
Даяр тұр ішер ас,киімі,  
Хабарсыз несие- қарыздан.

Бәле күған ебелектер,  
Бас кейіпкері кереметтер.  
Оқиға өрбу желісі,  
Өмірде жоқ элементтер.

Бақытын табар айда да,  
Сенеді -ау жұрт қайбана.  
Сериал ,кино көру деген.  
Уакыт өлтіру жәй ғана.

Сол бір сарын баяғы,  
Тартымды білмен қаяғы.  
Басы бізге ұқсағанмен,  
Бір ертек бәрінің аяғы.

АСТАНА (МАҚТАУ ЕМЕС).

Астананы көрмегенде, көргенде,  
Бір өлеңін арнап жатыр өлгенде.  
Әупіріммен бір қала салып едік,  
Онда да құйылыш қаржы келгенде,  
Жырымыз тамынан көп Астананың,  
Жарысада қалам ба деп шерменде.

Әйгілі әлгі ақын да шатыпты,  
Әрдүн- гүрдүн бірденелер жазыпты.  
-«Осыны қалай да толтырам,»- деп,  
Шамасы бір үлкен парап алышты.

Астанадан он есе асып кетерлік,  
Әлемде әсем қалалар жетерлік.  
«Жабайы ма қазактар?!» дейтін болар,  
Оқыса қазақша білер шетелдік.

Қашанда науқаншылдық әдетімен,  
Молынан орын алар газетінен.  
Одактан қалған сол дәстүр бойынша,  
Күнгейін ғана айтар тәбетімен.

Көленке жакты сонда кім жазады,  
Қақпақсыз қалғаны қашан қазаны,



Басшылар басқарған соң аз ары.  
 Еңбегінің үштен бірін алды ма ,  
 Жүрексізге жем болған қыр қазағы.  
 Подвалда жатып жұмыс істегенді ,  
 Кинар бүгін сұық тигенниң азабы.  
 Қауіпсіздік сақталмаған құрылыста,  
 Талай өлген боздаққа кім жазалы.

Дәнене жоқ мактау айтып тасатын,  
 Мактасақ ,мактай береміз аса тым.  
 «Не де болса бас қаламыз!»дейміз ау,  
 Амбициямен алты қырдан асатын.  
 Бір сәулетші туатын шығар бізде де,  
 Астанаға ерең көрік қосатын.

Біз шығармыз әлемнің үздік ұрысы,  
 Түсінбедім қай өнері бұнысы?!  
 Бар дүниенің жиынтығын елестетер,  
 Бір қарасаң Астананың тұрысы.

Астана- көшірмелер құрамасы,  
 Бәйтерегің Париждің мұнарасы.  
 Ақ Орда Ақ үйге ұқсайды,  
 Отырған сонау АҚШ Обамасы.

Сүйреп барад мені де өсек өрі,  
 Бұлдірдім-ау десем бәсе нені.  
 Айқұш -ұйқыш дейді ғой ол жағында,  
 Джипке мінер жүрмейтін көшелері.



## Мадина Еркінбекқызы. ҚАЗАН АЙЫ.



Шындық айтсак жүрек табар бір емін,  
Әйтседе тым артық кеттім білемін.  
Вашингтондай Нұрсұлтан қаласы деп,  
Кешірек атасақ бопты тілегім...

Құдай колдап ел болдық арайды өпкен,  
Алып шыкты Елбасы талай түптен.  
Бүгін менде мактаймын бір адамды,  
Мактамаушы ем ешкімді онайлықпен.

Бұл өлең- сыншылығым «тіс қакпаған»,  
Хабарым болған соң тыскы акпардан.  
Қалғаны келесі ұрпақ еншісі,  
Ақиқатын шығарады шкафтардан.

09 07 10





**Келін мен ене  
(Аңыз-әңгіме ізімен)**

Баяғы өткен замандардың бірінде,  
Бір қазактың ортан қолдау үйінде.  
Бір-біріне әбден-ақ жауласқан,  
Келін мен ене болыпты дауласқан.

Әр сөзімен бір-бірін бүреді екен.  
Көршілері бұларға күледі екен.  
«Енем-ау», - деп келіні сыйламайды,  
«Жас кой», - деп олда айылын жинамайды.

Күліп отырадар күндері некен-саяқ,  
Шәй сайын тарсылдайды ыдыс-аяқ.  
Сөйлеспейді де ашып қабактарын,  
Тырысып отыра берер сан апта күн.

Екеуіне де өз қылыштары дұрыс,  
Ертелі- кеш бітпейді жыбыр ұрыс.  
Екеуінен Құдайда тегі жалықты,  
«Не істесем бұларға» деп жабықты.

Нәлдеттеп іштей бір-бірін боктайды,  
Содан құдай мынадай шешімге токтайды.  
Екеуінде бір жола тас қылып катырады,  
Өзгелерді ғибараттыққа шакырады,

Аңыз-әңгіме болып тұр бұл әлі  
Соғыста да екі жақ әр кез кінәлі,  
Келін мен ене ақылға келіндер,  
«Бұл жәй аңыз ғой» демей сеніндер.

Жақсы адам

Ізгі ниетің үшін рақмет ,жақсы адам,  
Жылы сөзіңен жанарыма жас та алам.  
Пендерміз ғой иман жұздіні жоктаған,  
Өмірде жақсылықтан басқа жоқ панам.

Мені кейбіреу қимай жүр ғой адам деуге,  
Бірақ алысу керек шығар бұларменде.  
Сен арманға жетсөн жау бол шығар демде,  
О,жақсы адамдар,өмірдің жұлдыз нұры,  
Білсен, сендік жүрек жұмақты құрар жерде.

Алтыннан да артық мен үшін демегенін,  
Шын жүректен «айналайын-ай» деген кемін.  
Таңымасаңда сәлем айтып елегенін,  
Аппақ алғыс қана тілегім саған менің.

Өмір көрсетпеген қолдауды сен көрсеттің,  
Құтқарып құса балтасынан көп жендettің.  
Осыншалық күш береріне мен сенбеппін.  
Дәрі-дәрмек жаза алмаған жан-жүректі,  
Өзіміз болмасақ біздерді емдемек кім.

25 -26 12 2009



### Желтоқсан

Желтоқсанға да міне жиырма жыл болды,  
Тәуелсіздікке де он бес жыл толды.  
Бірақ осы еркіндіктің жолында,  
Талай жандар бәйшешектей солды.

Желтоқсан -кор қылған қазақты қайратты,  
Солақай саясат кейбірін жайратты.  
Енді міне тәуелсіз ел болсақ-тағы,  
Еске түссе сол күн қанды қайнатты.

Он алтысы мұзға алау жаққан күн,  
Қазаққа ызғарлы желдер соққан күн.  
Қыршынынан қылыш сол күнгі жас,  
Қайраттарға өтірік жала таққан күн.

Бары аңқау елден сұрақ тасталғаны,  
Көлден ұшқан соң қазақ қасқалдағы.  
Аямай бірақ олар ешкімді де,  
Күйелерін жақты қос қолдағы.  
...Не десек те енді біз желтоқсанды.  
Ол біздің еркіндіктің баспалдағы.

15 12 2006





Жетім бала саттың  
Қазір ойлап қарасам еліме,  
Күә боламын талай мініне .  
Әсіресе жетім бала құйіне ,  
Аландаймын ертеңгі күніне.

Текті елден туған, ей, тексіздер,  
Ұлттық рухсыз өнкей бір ессіздер.  
Жетім баланы сатып шет елге,  
Жалаған қамын олардың жепсіздер.

Бала ғой болашағы адамның,  
Бірақ ұға ма миы наданның.  
Біз жүрміз сатып сол болашақты,  
Ұқпаймыз терісін бұл қадамның.

Шет елдерге жетім бала саттық,  
Көз жасының обалына баттық.  
Жетімдерді сатқызған соларды,  
Өртейтін болмас па еken оттық.

Олар енді мәңгүрт болып өседі,  
Өсер жері осы ел төсі еді.  
Мұнымен ісі жоқ мырзалардың,  
"Өркендең барамыз -," деп бөседі.

2006

Жылыштыққа татиды екен әр пенде

Тек кемшілік көрген менде бір өр кеуде,  
Араласар жан керек бірақ ертең де.  
Орнына өзімді қойып қарасам,  
Жылыштыққа татиды екен әр пенде.

Микроскоппыз-ау біреуді сынағанда,  
Саяп дейтін сыртынан құлағанда.  
Неге солардың ішіне үнілмейміз,  
Теріс қарап олар үнсіз жылағанда

Тіс батырмай ұялас қасқырдай талаған,  
Қанаған жерін мұләйімсіп жалаған.  
**БҮКІЛ АДАМ ЖҮРЕГІНДЕ ГЕНЕРАЛДАЙ,**  
Өзін мінсіз құдірет ,күшке балаған  
Айналасын солдат сияқты қараған.

«Маған ол былай қарады» деп есептеп,  
Өз бастарына келмейтіндей өсектеп.  
Айтушы еді баяғының адамдары;  
«Өз жақының жамандаған өшед» деп.

Сөніп барамыз әйтеуір жаралғалы,  
Сөне бермек ұрпақта талайғы алғы.  
Қағаз -тірлік су сеппей-ак сөнерін,  
Түсінетін жандар аз қоғамда әлі.

30.11.08

Қазақ қызының монологы

Мен мақтанбаймын руыммен, жеріммен  
Бір кездегі ел бастаған еріммен.  
Маған қазактағының бәрі ортак,  
Бүкіл қазақ мақтанатын керім - Мен.

Мен мақтансам мақтанамын өзіммен,  
Мөлдіреген тұнық қара көзіммен,  
Аузымдағы бәйіт -өлең сөзіммен.  
Таңырқаттым пайда болған кезімнен.

Ұлы Отанын қорғайтын жаны қалмай,  
Жауынгермін Мәншүк пенен Әлиядай.  
Жүргім кең далам жазирадай,  
Ұлт жандымын Ләzzат пен Сәбирадай.

Таңдайымда Ұлбикенің өлеңі бар,  
Жүрісімде Жібектің мәнері бар.  
Мінезімде Ұлжан, Зере әдебі бар,  
Бойымда неше түрлі өнерім бар.

Менің тілімде Майраның әні бар,  
Рухымда Томаристің табы бар.  
Жағандардың бауырмалдық жаны бар,  
Бітімімде Тоғжан сұлу тәні бар.  
Бойымда тек жақсылардың қаны бар.

Дұрыс айтасың, рас, мен –тәкәппармын,  
Бірақ қасиетімнен ой сабактармын.  
Қыншылыктарды да сан атқардым,  
Бір өзіне табынам жаратқанның.

## Мадина Еркінбекқызы. ҚАЗАН АЙЫ.

Мен қызымын қазақтың қарапайым,  
Ұлттына арнайтын жан айқайын.  
Жүргегінді ұрлармын жазатайым,  
Жымып жанынды тазартайын.

Мен осындай қазақтың бір қызымын,  
Асылдардан құралған жұлдызымын.  
Мың қызы да тең келмес жер жүзінің,  
Әнінді арнарсың сенде өзінің

09-10 01 09



Кей ақын

Кей ақын өзімшіл дейд адамдарды,  
Жамандық солардан деп қоғамдағы.  
Мысалда жаудырады оған тағы.

Біреуден ұрлап ап, біреуге ұқсатып,  
Өлең жазғансып әйтеуір жүр шатып.  
Көсемсігенде кетеді тым тасып.

Өз«менінен»өлең «мені» адасып,  
Сөйте тұра ақындыққа таласып,  
Сөз сөйлері де аз нақ жаны ашып.

Өзі жайлы жазудан еш ерінбес,  
Рушылдар һам жершілдермен сезімдес,  
Бөлінгендеге жұп саннан да женілмес.

Биліктің өңкей жағымпаз жиендері,  
Соларға арнау жазар, білер нені ?!  
Кейін сол бір кенседе жүрер кемі.

25 11 09





## Корықтар

Ақкуды атпа,  
Досынды сатпа.

(Мақал)

Аққулар айдын- көлдің киесі еді,  
Табылады онында иесі енді.  
Есіл аң -күс даланы еркін кезген,  
Адамға қарадың- ау жетім көзбен.  
Корғалуда ол деген бақша, көлде,  
Ата бер қалауынды ақша бер де.  
Жуан бастықтардан қалса егерде,  
Қалтылылар қатыгез сонша неге,  
Корғалды деп қай бір бағы ашылды,  
Қасқыр, тұлқі жаға боп жарасымды.  
Сүзгізіп сиреп қалған балықтарды,  
Іздеуде жүргізілмес толық қанды.  
Арқар, киіктөр үйірімен атылып,  
Бітер болды мүйізі де сатылып.  
Қырық қорық болса да қырылуда,  
Мәселесі мәнгілік сырыйлуда.  
Аш емес баяғыдай аң аулайтын,  
Кез жетті ғой аң -күстарды қорғайтын.  
Сөз емес адамды ату аң тұрмак,  
Ұрпаққа суретін ғана қалдырмак.



Көбелек пен шам  
(мысал)

Қыркүйек түні-ұзакта, қаранды,  
Зерткізер үйкесіз адамды.  
Электр шамы жағылған бөлмеге,  
Сығалап ғашығы талай заманды.  
Көбелек терезеден қарайды,  
Тарс етіп соғылып алды сананды.

Былқ етпес оған электр шамы  
Әйткені көп екен ғашықтар саны  
Бүл шамның жүргегі жоқ, сезімі жоқ  
Бірақ ұқпас оны көбелек жаны

Көзге шыны шекара көрінбейді,  
Соғылуға көбелек ерінбейді  
Көбелектің ол шаршап шалдыққаны  
Тәкәппәр, сұлу шамға білінбейді.

Көбелек шамға қарап «күнім» дейді  
«Жетсе саған аптыққан үнім» дейді  
Зер салсаң ессіз ғашық қимылдындай  
Жүрегінді шынында тілімдейді.

Терезені ашсан ішке ұшады,  
Қанаты күйсе де шамды құшады  
Жансыз шам оған жауап қатпаған сон  
Көбелек сол сәтте тым құсалы

Ғашықтары көп оның жан-жағында  
Біреуіне жауап жоқ шам жағында



Көбелекке бұлайша көрісуден  
Артық тұрған терезе ар жағында

Осылай сезім кейде үғылмайды  
Өзекке ашу-ыза тығындайды  
Тағдыр терезені бұзып барғанда  
Жауап бермесе жанды сығымдайды  
Жауапсыз қалғаннан білдірмеу артық  
Кей жүректер сезімге бұрылмайды

Жәй тілмен бұл жауапсыз махабbat  
Алладан тұспегендіктен шапағат  
Көбелекше жауапсыз қалғанша  
Терезеден қарауға қыл қанағат

10 09 08

### Табиғат

Өсектен жел тұрған артық долдана,  
Ішіміз сендей болса ғой кен дала.  
Шашынан асып кетеді міндері,  
Көз салсан адамдарға толғана.  
Сүйемін табиғатты жырлағанды,  
Себебі өмірде мінсіз сол ғана.

10 09 08



Махаббат...

Махаббат -самал тербеген,  
Махаббат -күй ғой кернеген  
Махаббат -ұлы шипагер ,  
Талай жүректі емдеген

Махаббат деген ертегі  
Талайды шарпып өртеді  
Ғашықтық кесел ,дариға-ай,  
Жұқпаған кімге дерт еді.

Жырлады мұны ақындар,  
Сезімге бір сәт жақындар.  
Жан болсаң да қандай бір,  
Сүюге сенің де қақың бар.

Санаңда қалар сәнді елес,  
Махаббат бірақ мәнгі емес.  
Махаббат қандай болсада,  
Онсыз өмір мәнді емес.

"Талас тынысы" газеті

29 08 09



### Ғашық болу

Ғашықтық жүрек тулатар  
Сабырыңды да ұрлатар  
Дірілдетіп, қалтыратып  
Тіл де күрмеліп үн қатар  
Жазылса егер мандайға  
Сүйгенімен жүр қатар

30 03 08





### Мен бәрібір...

Көрінуші ед өмір маған оңайдай ,  
Барлық нәрсе жауабы бар сауалдай.  
Бәрі женіл жалғыз ағыста.

Өзгергендей маған бүкіл айнала,  
Махаббатта еріп кетті жәй ғана,  
Сен менен енді алыста.


Сен бәрін білдін тек ұға алмадың,  
Тіпті екі қадам да бір жүре алмадың.  
Сен нүктө қойдың бәріне бастамастан,  
Сен кеттің маған еш белгі тастамастан.

### *Қайырмасы:*

Мен бәрібір, бәрібір сені сүйемін,  
Бір сен деп, бір сен деп өмір сүремін.  
Мен бәріне ,бәріне шыдап төземін,  
Жүргіме сезімімді сақтап жүремін.

Бұл өмірде орыны бар әр жанның,  
Қателіктер сөлін алар әліннін.  
Ұмытқың келер барлығын.

Жалғызырап отырған бір кезінде,  
Біреу болар қасында тегінде.  
Тек алыста ол жан нұрын.



Жүргендеймін жер мен көктің арасында,  
Тұрғандаймын екі жолдың сағасында.  
Уакыт бізді өзгертеді, мен де өзгердім,  
Ойымнан бәрін алыстатам көздеңенім.

### *Қайырмасы:*

Мен ешкімге көрсептеймін көз жасымды,  
Киын болса да көндіремін өз басымды.  
Мен бәрін де түсінемін, кешіремін,  
Мойындеймын, сен өзгерте алмасынды.

### *Қайырмасы.:*

*PS Ресей эстрада жүлдөздарының бірі Н. Задорожнаяның орындауындағы «Буду»өлеңі маган ұлаганы соншалық, мен оны аударып көрдім. Бірақ Сервентас айтқандай: «Аударма картина сияқты, сыртына емес ішіне үнілу керек» деп.. Автордың ойын нақ жеткізе алмага даймын.*



Мұрделер

Ана жақ әділ деуде арман бүгін,  
Тендікті көрер еkenбіз қайтіп бір.  
Кім дәүлетті ,кім кедей болғандығын,  
Моладағы қабірлерде айтып тұр.

Байларға зәулім сарай орнатылып  
Кедейдікі темір шарбак сидиған.  
Откеніміз аздай сорға ұтылып,  
Еңсенді басар мүрден де жылмиған.

Байшыкештеу біреу өлсе егерде,  
Жақындары қатырады мазарын.  
Аянбайды «авторитет»деген де,  
Тірісінде саламаса да назарын.

Намыс емес өсек қой өлтіретін,  
Байларға қарап болсан ғажайлап.  
Іштері ашыса да көндіретін,  
Көсемсіген көп сөзі қажайды- ак.

«Шақпактай белгісі жоқ басында,-» деп,  
Осы жұрт кейбіреуді сөз етеді.  
Бұл да бір байлық жарыс расында тек,  
Өлсен де тыныштық бермес мезі етеді.


Маған салса еш белгі керегі жоқ,  
Бәрібір ғой қандай жерде жатқаның  
Одан да қайырым ет берері көп ,  
Тірлікте ақыр жамандық баққаның

Сен емес өмірде алғашқы өлген,  
Және анық соңғысы да болмайсын.  
Жаны кеткен қу сүйек тонбас денен,  
Өлдің бітті күз қуартқан жондайсын.

Өз мекенің өлдім деп еш өкінбе,  
Жаралдық қой өзінен топырақтың.  
Ерсі көрінер бұным әлде кімге,  
Арман не бірі болсақ атыраптың.

23-24 05 10





## Наурызда.

Көктемде жаңа жыл келеді,  
Күн менен тұн теңеледі.  
Табиғат тағы гүлденеді,  
Ел шаттыққа кенеледі.

Қызғалдақ толып қыратқа,  
Ұқсайды наурыз жұмаққа.  
Құстар елге қайтқанда,  
Жаңа жыл келеді ел-жүртқа.

Өзендер арнасынан асқанда,  
Асқанда толып тасқанда.  
Жаңа жыл келеді наурызда,  
Қауызын гүлдер ашқанда.

Наурызда қастасқан достасады,  
Қар менен дала қоштасады.  
Ертеден-ақ осылай ата салты,  
Соны мерекеге астасады.

Наурызда қазак тойлайды,  
Үрпағы қазақтың жоймайды.  
Наурызда жаңа жыл келеді,  
Көктемсіз жаңа жыл болмайды.

Наурызды ел сағына тосады,  
Ақындар ән-жырына қосады.  
Күн аямай нұрын шашады,  
Қай жаңа жыл наурыздан асады.

2006



## ӨМІР КӨШІ

Бұл өмір үзак Ұлы Жібек жолынан да,  
Дәм татарсың бағынан да, һам сорынан да.  
Түйе - төзімге арман- жүкті артып алып,  
Өмір - көштің ілессен бопты соңынан да.

Жол көрсетер жарық шамын - үміттерін,  
Ошіріп алар кесір- желі желікпенің.  
«Бақыттың» қаласына жетем деп жургендер,  
Бөрі уақытқа бұйыртты жеміттерін.

...Арман жүгін ауырлық қылды тастадың,  
Енді сенде қалғаны қоржын толы бос сағым.  
Бітпейтін қайғыны Сахара шөлі дерсін,  
Кездескен куаныш- көл өте шығар қас қағым.

Бұл сапарда көресің киындықты қалайда,  
Адасарсың күлсөң де өзің талайға.  
Кіргеніңді сезбей «Бақыт» шаһарына,  
Шыққанында ғана білесін ,абайла.

29 11 2009





### РУБАЙ

Байлықты еш қызғанба,  
Тұрақтап ол тұрған ба.  
Бүгін болса, ертең жок,  
Осы сөзім жалған ба.?

\* \* \*

Кітап деген ол -білім ,  
Жинақталған бар ілім.  
Тек жақсысын оқысан,  
Табарсың өмір дүрін.

### Рубайлар

Көшіп жатыр елдер қалаға,  
Айналды талай ауыл дағаға.  
Мекендері көшкен елдің  
Ұқсайды төмпешік молаға.

\*\*\*

Қар жамылғанда қыр-белес,  
Ауылда қырғын тәбелес.  
Мастық па ,жастық па кім білген,  
Ол жағын зерттеген мен емес.



### Рубайлар.

Бір-бірімен байлығы сайлар,  
Агайын бола қалар талай айлар.  
Байлығы өзінен асқан күні,  
Сыртынан айтып жүрер өсек-жайлар.

\* \* \*

Куансаң бақытына басқаның,  
Достықтын есігін ашқаның.  
Ал қызғанып, ішің тарылса,  
Орындала бермес тосқаның.

\* \* \*

Бара –бара ескемін,  
Жабайылыққа көшкенің.  
«Жиyrма бірінші ғасыр»деп  
Сезбейміз әдел өшкенің.



Егіз жолдар

Жалығарсың өз үйінен өсе –келе,  
Кетіп қал, не жазылса да пешенеге.



Масылдықтан, бақылық болған артық,  
Іс келмесе қолыңнан қолқанаттық.



Жайы болған адамдар есіреді,  
Сондықтан сәл нәрсеге жекіреді.



Бұл күнде жанашыр болсаң акша бер,  
Әйтпесе, ақыл айтып ауыз ашпа дер.





Қазақ тойы  
(Әзіл -шыны аралас)

Күн құрғатпай кешкілік,  
Тойға барап көпшілік.  
Жаңа заман салтымен,  
Сапырылышады ескілік.

Тойға дейін жан-дәрмен  
Жастар шығар «Жар-жармен»  
Пенде біткен жарысып  
Жалпылдасар барлармен.

Сояды қой-жылқыны,  
Қойылар арак тұр-тұрі,  
Қарап тұрып тоясын,  
Иттер де тоқ бұл күні.

Күліп қарсы ап келгенін,  
Шашып жиған-тергенін.  
Той иесі тұrap қобалжып,  
"Қайтар ма екен?" деп бергенім.

Асаба тұrap аңқылдалап,  
Өткір қанжардай жарқылдалап  
Әр той сайын айтатын,  
"Әләулайымен" саңқылдалап.





Орап шапан жабылар,  
Әшекей алтын тағылар,  
Бешпет бөрік алмасып,  
Құда биі тағы бар.

Бітпейтін тостар басталар,  
Жаттанды тілек қосталар.  
Жастарды мүлде ұмытып ,  
Тарихтан созар қасқалар.

Сөз бермесе өкпелер,  
Берсе ұзак төкпелер  
Қысқа кайыр десе егер  
Асабаға кектенер.

Тойға кімдер бармайды,  
Тойдан тойың аумайды.  
Дүшпаныңда бұл күні ,  
Аппақ тілек арнайды.

Жігітке сері өзі сал,  
Той бастаған жарасар.  
Кімді көрдің ән салмай,  
"Той бастарға" таласар.

Босаған соң құтылар ,  
Одан сайын құтырар.  
Әйел біткен "пакет" деп,  
Дастарханды сыпырар.



Койды тегі ес кірмей,  
Жөңсіздікті ескермей.  
Домбыраның үні де,  
Кетті тойдан естілмей.

Данғазаны сүйетін,  
Мақтанға бас иетін.  
Қазақ қашан менгерер,  
Тойдың мәдениетін.

"Арай" газеті  
27 08 09

### Тұған жерім -Қаратаяым

Тұған жерім-Қаратаяым,  
Қасиетті көне тауым.  
Жырланбаған дастансың  
Дәуірге үлес қосқансың  
Талай сырды бүгіп жатсын,  
Қара нардай шөгіп жатсын.  
Бой түзеген қалаларың,  
Тозған бірак далаларың.  
Анызға толы әр сайын,  
Білгенге Қаратай жайын  
Ата- баба мекенісің,  
Маған биік тек сендері шын.  
Алыстамай-ақ өзіңнен,  
Қадірінді мен сезінгем.  
Талай тарихқа күә тауым,  
Тұған жерім -Қаратаяым

2005



## ҰЛТТЫҚ РУХ

Ұлттық рух қой «елім» деп емірентер,  
 Ұлттық рух қой «тілім» деп тебірентер.  
 Ел бастаған ерің де ол болмаса,  
 Егемендік, елдігін бәрі бекер.

Ұлттық рух өзінен айрылдым ғой,  
 Тіл мен діл қос қанатым қайрылдың ғой.  
 Ұлт рухы сан қыспактан тарылдың ғой,  
 Бабалар салған жолдан жаңылдым ғой.

Казакқа қазақ бөтен адамдайын,  
 Оған кімді кінәлап жамандайын.  
 Әлі күнге орысша шүлдірлейміз,  
 Біреулерді ренжітіп алардайын.

Ұлттық рухсыз кімдермен бақ сынайды,  
 Қазақша тіл жоқ па деп жат сынайды.  
 Ұлт рухын ойлау керек азаматтар,  
 Бір-бірін көкпар қылыш тартқылайды.

Мәңгүрттік жаулап алды тұғырынды,  
 Отты қеуде қазақтың сыры мұнды.  
 Ұлт рухын жақсылап қолға алмаса,  
 Бір жола үзіп тынар жұлышынды.

02 12 08

Рубайлар.

Махаббат бар ол-аян,  
Мысал оған: Қозы-Баян.  
Бұл заманда бүгін ғашық ,  
Ертеніне қасқыр-қоян.

\* \* \*

Айналаннан тоңсанда,  
Жазықсыз отта жансанда.  
Көпшілікке күліп қара,  
Жатарда жылап алсанда.

\* \* \*

Менің айтқан сырымды ,  
Менің жазған жырымды  
Жазып ,жырлап қойыпты,  
Талай ақын бұрынғы.  
Қазіргі көп жыр үрлықы,  
Болса да ақын білімді.





### Мәжнүндей адамдар

Мәжнүндей адамдар ғашық өмірге,  
Сондықтан қимайды өзін өлімге.  
Ол үшін қанша қасірет шекседе,  
Ұмтыла берер Ләйлі-ерінге.

Тек өмір сүймейді бәрін Ләйлідей,  
Кейбіреудің басы оған «ләңгідей».  
Өмір –Ләйлі жүрегіне таласқан,  
Мына тіршілік «аламан бәйгідей».

Бақытты жоқ бұл бәйгіден ұтатын,  
Ұрыс-талас адамдарды жұтатын.  
Бірақ женуден қатысу маңызды,  
Ер бол осыны қанағат тұтатын.

29 10 08





2-бөлім.

Отау тіккем  
басына бұлак,  
мұнның,

Ажал сезі.

Тындандар, ей, пенделер!  
Бар миы тек тенгелер.  
Мен жексүрын ажалмын,  
Кім маған тең келер.  
Бірі мені шақырса,  
Бірі қашып сенделер.  
Өзінше бір емделер.

Керек емен сырқауын,  
Алдыма тартар сылтауын.  
Керек емес кәрің де,  
Жақтырман адам сыртанаң,

Мен тоймаймын жайсанға,  
Қанша кінә қойсан да.  
Көз жұмғызу қызметім,  
Тоймасам да, тойсам да.

Ашыла түсер тәбетім,  
Алған кезде қажетін.  
Кімің бар ед сөгетін,  
Қай шаман бар женетін.

Жақсыны андып тұрамда,  
Орынсыз жерде ұрамда.  
Кейде өзің өз болып,  
Абыройсыз қыламда.

Дарымайды қарғысын,  
Нысана да бар кісің.  
Асықпандар ,пенделер,  
Бәріне келер мен қысым.

13 04 08

Ақ жауынды ағыну

Үйстық күнде аптап,  
Қара бұлт қаптап,  
Жауса шіркін, жаңбыр,  
Шаң-тозанды таптап.

Бұлтты күн күркіреп,  
Ақ жаңбыр сіркіреп,  
Түссе ғой аспаннан,  
Тамшылар дүркіреп.

Шартылдап найзағай,  
Қадалар найзадай,  
Даланы тазартса,  
Пайдалы ағзаға-ай.

Аңқытып исін бір,  
Ақ жауын сүйсіндір,  
Жанынды әлдилер,  
Өзгеше күйсін бір.

Жаусаң ғой кеңінен,  
Сағындым сені мен,  
Кеттің ғой осы күн,  
Қауышпай менімен.

Кеттің –ау қашып тым  
Өзіңе ғашықпын,  
Жерге тез сінуге,  
Неге сен асықтың?



Ана тілім - ардақтым.

Ана тілім-ардақтым,  
Алтыннан да қымбаттым.  
Өлеңдейін өрілер,  
Жақанда жоқ сымбаттым.  
Анамның тілі -аяулым,  
Өзіңмен алғаш тіл қаттым.

Өзінді мәрмәр сезінем,  
Қалай сенен безінем.  
Кешегі өткен одақтың,  
Босанарсың езінен,

2005

Ауа райы туралы

Мінекей шілде түссе де,  
Кей жемістер піссе де.  
Бұлттанып күн, жел тұрып,  
Күн жылымайды түсте де.

Жел тұрып күн шығыстан,  
Топтанып бұлттар ығысқан.  
Далада ылғи шаң- тозан,  
Күздегідей шөп бұғысқан.

Келмей-ак жаз кеткені ме?  
Мезгілсіз күз жеткені ме?  
Адамдардың кесірінен,  
Дала зардап шеккені ме?!

Аурухана дәлізіндегі ой.

Айтады өмірдің қарасы, ағы бар деп,  
Түнерген тұннің арайлы таңы бар деп.  
Жамандық қылсан жазарлар заны бар деп,  
Бірақ мына ауруханаға қарап тұрсан,  
Сену қыын осы сөздің жаны бар деп.

Неге десең анау сәби мұнда не ғып жүр,  
Ол да ауырып көз жасын көлдей төгіп жүр.  
Сол сәбидің жұдырықтай ғана жүрегі,  
Қатал тағдырды әлди жасымен сөгіп жүр.

О, жас сәби, өмір неге саған өшіккен,  
Ауырдың, белінде шықпай жатып бесіктен.  
Қалқам, осы қарағаның әділ ме сенің,  
Бақытсыз мүгедектер қарайтын есіктен.

Ал сен ше, қимылсыз отырған қара бала,  
Сезіп, біліп танитының тек анаң ғана.  
Байқауымша өзіңнің тіпті есің шала,  
Үржаланғап сорлы қарайсың айналана,  
Сезілмейді-ау саған тағдыр салған жара.

Ал сен кішкентай қыз сүйкімді томпақ тұлған,  
(Шокаладын «сотка» қылып ойнап тұрған).  
Көкешім, сен үшін өмірге қарғыс айтам,  
Есінді білмей жатып саған қармақ құрган.



Басыңың бар ауруын маған-ақ берші сен,  
Сейт те дені сау құрбыларыңа ерші сен.  
Жатырқамай жат адамдарды ойнап жүрсін,  
Құдай қолдан қырсық тағдырыңды жеңші сен.

Көрінген дәрігерсұмақтарға жалтақтап,  
Бәріміздің ата-анамыз жүр салпақтап.  
Біресе анандай, біресе мынандай деп,  
Патшадай әрең жауап береді шалқақтап.

Мәнсіз қарап алдағы асар жонға ,  
Менде отырмын тосылып тас арбада.  
Мендік ғұмыр тосып тұр-ау сендерді де  
Өтінерім әйтеуір осал болма.

Бірақ өмірге біз ештеңе жазған жоқпыз,  
Біреуді алдап, біреуге ор қазған жоқпыз.  
Басымызға бақытсыздық майы құйылып,  
Өмірдің азап ошағында жанған шоқпыз.

16 10 08



**«БӘЙШЕШЕК-ӨМІРЗАЯ»**

Күн күргатпай жас қабір,  
Түсірді ауыр басқа зіл.  
Жөңсіз келді өлімі,  
Дәл мендейлер босқа жүр.

...Бәйшешектей ерте шықты,  
Ғұмырынды келте ғыпты.  
Үсігі жүріп тағдырдын,  
Жүректіні шерге тықты.

Жалп еткізді таса ғып,  
Неге деймін жас алып.  
Бара жатыр жас арып,  
Жер мен көк тұр сазарып.

Кетті ол да арманда,  
Ойланшы деп бар жанға.  
Жақсы мен жас дегенде,  
Бұл қара жер қанған ба?!

Әр өмір бір гүл ме еken,  
Бірі тоңып жүр ме еken  
Бәйшешекті кей жерде,  
«Өмірзая»дейді еken.

Таппаған қыстан сая,  
Оған рас бәрі зая.  
Жайнаған жас ғұмырды,  
Е, Алла, өзің ая.

22-27 01 10



## Бәрібір сені қимаймын

Бұл тіршіліктे бақ кемін,  
 Бәрі айтады әттеңін.  
 Сүрініп жатыр сарандар,  
 Көтере алмай тақ демін.  
 Үнсіз сығалап біреулер,  
 Тосып жатыр-ау «ап»дерін.  
 Өркөкірек жүр өзеуреп,  
 Үмытып кетіп өткенін.  
 Әлі шешкен жоқ момындар,  
 Жоқшылықтың тар шекпенін.  
 Іздеп жүр біреу бақтыын,  
 Табам ба деп «сәтті»ебін?  
 Бір күні ол да жалығар,  
 Кепіл ғой басым тап менін.  
 Ілгері жылжып келеді ,  
 Саптап қойып "қап" дерін.  
 Әрқашанда осылай ғой ,  
 Емес бұл менің сөккенім.  
 Құлпытастай бұл дүние,  
 Тындарас назын өкпенің.  
 Таусылмайды айта берсе,  
 Қателіктерің көп сенің.  
**БӘРІБІР СЕНІ ҚИМАЙМЫН,**  
 Не деген өмір тәтті едің?!





### Білім -тәңіз

Білімнен нәр аламын,  
Шырақ болып жанамын.  
Көп оқысам ,көп білсем,  
Дүние кілтін табамын.

Білімнен дән теремін,  
Шаршауды білмей келемін.  
Адамзаттың дамуы,  
Бір седан деп сенемін.

Білімді бақ деп ойладым,  
Даналығына тоймадым.  
Білім атты тәңіздің  
Тереніне бойладым.

2004 ж (алғашқы өлең)  
**Тіл туралы.**

Тұғырынан таймашы тілім менің,  
Өмір барда өшпейтін үнім, демім.  
Қазақ барда жасайсың, тұнілмедім,  
Ойланатын кезім бұл бүгін менің.

Қазақ барда жасайды тілім менің,  
Мәңгілікке өшпейтін жырым менің  
Жүз киындық алдынан шықса-дағы ,  
Жаңылмаған жолынан тілім менің.

2004 ж.



### Бір бақытың

Білмей тұрганда бауыр кадірін,  
Өте шығар балалық дәуірің.  
Әмір-өзен ағысымен кетерсін,  
Сындардан да талай өтерсін.

Кейде бауырды еске аларсың,  
Откенге сағына қарапсың.  
Сонда сен былай деп санайсың,  
Бауыр деп бір бақытың балайсын...

Ізде, олар бір-бір кемеде ,  
Әмірмен алысып келе ме.  
Көмек сұраса ол ерінбегін,  
Қолынды созғын, еш шегінбегін.

Бір туғаннан безіп кетпессін,  
Не істесе де бауырың, кешпексің,  
Бауыр деген сенің бір бақытың,  
Сатып ала-алмас жақұтың

Тай-құлындаі талай тебіскен,  
Бауырлар-ай себепсіз шегіскен.  
Туған бауырына кім жеткен,  
Кейбіреу бірақ білмей кеткен.

2005



### Денсаулық -ай қайран

Ойым ойран,  
Ақылым айран,  
Денсаулық -ай қайран.  
Сен жанымда болсан,  
Салғызармен сайран.

Бірақ сен менен жылыстап,  
Қатарымнан мен қалыс қап.  
Орындалмас армандай,  
Барамысың алыстап.

Соқпас сен самалмысың,  
Шешуі жоқ амалмысың  
Маған бұл жалғанда  
Алынбас қамалмысың.

Бұйырмас бағымдайсың,  
Жайлаудағы сағымдайсың.  
Түспедің-ау қолыма,  
Бой бермес ағымдайсың.

"Арай" газеті 27 08 09





## Күту

Әлдекімді,  
 Әлденені,  
 Күту-тағдыр, ғажайып.  
 Күтер жаның,  
 Атар таңың,  
 Кетпесінші азайып.  
 Қайғы туып,  
 Жаспен жуып,  
 Мезгіл тұрса сазарып.  
 Өмір озса,  
 Жаның тозса,  
 Көніл болмас тазарып.  
 Тілекке дәл,  
 Жүрекке бал –  
 Шаттық болар, тауып ал.  
 Сезім тасып,  
 Дегбір кашып,  
 Өмір- күту, Ұғып ал.  
 Таңың атпай,  
 Тағат таппай,  
 Күтер болсан-бақыт сол.  
 Тәттілікпен ,  
 Пәктілікпен,  
 Күту жолы-жакұт жол.

*«Талас тынысы» газеті.*

29 08 09



**«Иә..»**

Жалықтым жайсыздарды жазудан,  
Өмірдің өкінішін қазудан.  
Жүрекке бір рауан жетіспейді,  
Жетпейді бірақ қолды созудан

Аңсаймын күздің бір қоңыр бағын,  
Келтірмес ол шіркін де көніл сәнін.  
Көргім келер көктемгі көп нөсермен,  
Кара жердің қанып шомылғанын.

Қойши.

Бәрі айтылған әнгіме,  
Оларды қайталаудың мәні не?!

Ықтиярсыз «иә...» деп есектейін,  
Кірermіz бізде бір күн көріне.





**Қанғыбас қонақ.**

Жүрек деген жылы үйімнен,  
Қанғыбас қайғы шықпай қойды.  
Босат десемде жиі үніммен,  
Төзім- досым шықкан төрді.

Бұл қонағым басынып алды,  
Байқап ап атам момындықты,  
Дәметері ашынып қайғы,  
Менің күдірен жаным тоқты.

Семізде емес жаным сонша,  
Оны дәметкен қаның кепсін.  
Сен мыжып оны кор қылғанша,  
Үрлышы-ажал алып кетсін.

Қасқыр ашуға көп талатқан,  
Үрмейтін күшік ақылым бар.  
Тән қорадан бәрі ұрлатқан,  
Жанымды сактар кай қақым бар.

30 09 09





**Бүгін менің туған күнім.  
(Мұқағалиша )**

Бүгін менің туған күнім,  
Ой бәле-ай,  
Он тоғызды неге отырмын тойламай?  
Ең болмаса отырыс жасап берер ем,  
Құдайдың бір көзге ілмей- ақ койғаны-ай.

Жатса жұртым жата берсін үндемей,  
Тиіш отырса болғаны тек тілдемей.  
(Ку дүниені қарыз ғып мен қайтейін,  
Отырар ем ат- шапаным, гулдемей)


«Егер...»детіп еңіреткен ғұмыр ай,  
Кейбіреуге болдың неге сұмырай.  
Әзгертуге шамам жок қой тағдырды,  
Жетер, болды, қояйыншы ұлымай.

...Көзге ілмесе ілмесін-ак  
Не етейін,  
Көзге ілінбес көз тұрткі боп өтейін.  
Тым құрғанда алға жылжы қаламым,  
Арыз емен,  
Арман жазып кетейін.



Аяу жайлы  
Өсекстан елінде,  
Ақша патша жерінде,  
Өзі жәй құл болса да,  
Аяр мені қаншама.

Рас жазылмас жарам бар,  
Бірақ аяма, адамдар.  
Бақыттымын мен сенен,  
Ақшам жоқ басар енседен.





### Шүкір деймін.

Шүкір деймін бәріне, тоба деймін,  
Ақыл бердің, ес бердің, сана бердің.  
Үрзамын жасаған ием шын жүректен,  
Мейірімі төгілген ана бердің,  
Ақыл -ойым кіргендей жаңа менің.

Ақ жолыңды білмей талай адастым,  
Тәуіп -бақсы есігінде сан аштым.  
Енді ғана тапқандаймын өзімді,  
Кей міnezім көрінеді оғаш тым.

Кеш, Алла, барлық айтқан сөзім үшін,  
Қанағат қып тоймаған көзім үшін.  
Осыны тілеудемін жазы- қысым,  
Тым жаман емес еken жазымышым.  
Алғыстымын өзің берген төзім үшін.

Кешір, Алла, өтінем барлығында,  
Берілмеу керек еken кайғы-мұнға.  
Өкінбестен мойындаймын дәл қазір,  
Осылай жазылғанын жарлығында.  
Бағаласам, байқасам өмір деген,  
Балқытып бір бөлейді еken жанды нұрға,  
Ұқсайды әрбір минут танғы нұрға.



Ей, бауырым.

Ей, бауырым, замандас,  
Тұңжырама қабақ аш.  
Жиырма жаста журмесен,  
Жастығына жарамас.

Жылды оттың жанында,  
Отыратын шағың ба?!  
Күн- тұн шулат, қыдырғын,  
Бет -ажарың барында.

Бұл өмір қажытпа жол,  
Қаныққын қызыққа мол,  
Жас қауым мәңгі жаман,  
Қаласан бұзық та бол.

Жек көрініп так тұрмас,  
Үлкен ұрсып жақтырмас.  
Зандылық ол жазылмас,  
Оларда жас болған ғой,  
Түсінсе сені састырмас.  
Ұрыс есіткен сарындас.

Жалғанды бас жалпағынан,  
Тек адаспа арманынан.  
Тұрмыс жәйлап тұсаулар,  
Қаумалап жан- жағынан.



Айға қарап.

Көрінеді ай нұры,  
Тәкаппарлық пандығы.  
Сыр өтінем мен одан,  
Мазалап бір жан жыры.  
Көп болғанмен жүлдышдар,  
Сапасыз серік барлығы.

Көк алыс сенен жер алыс,  
Бұл дүниеде бәрі алыс.  
Жабырқамайсың біракта,  
Үйретті ме кәрі ағыс \*.

Кыста да, көктем, жазда да,  
Тұрасың көкте наздана.  
Жалықпаймысың осы сен,  
Сырынды ашшы азғана .

Мұйынсұнып заңдылыққа,  
Бұлк етпей- ақ бар қызыққа.  
Үрзамын саған аппақ ай,  
Үйренгенсің жалғыздыққа.

*Шілде, 2009*

*Кәрі ағыс \* - өмір*





### Ішкі ой

Өзі істей алмасты істе деп,  
Ақыл айтқыш осы жұрт піспелеп.  
Мен жана шырмын деп керегі не?  
Бетіне күліп сыртынан тістенед.

\* \* \*

Жағымпаздықтан алар бағам «екілік»  
Кейбіреудей күле алмаймын өтірік.  
Шын күлемін, әрқашан шын жылаймын,  
Бәрін көріп тұрған куә ғой бір құдайым.





## Қазан айы.

Суық жел ,сүр тұманды қазан айы,  
Қазан айы мен үшін таза қайғы.  
Куарып жерге түскен әр жапырақ,  
Тағдырымдай өзімнің мазалайды.

Қазан айы неге саған ұқсадым,  
Шығарамыз амалсыздан тысқа мұн.  
Бірақ мен сендей апталап түнеріп,  
Жаңбыр жасты сен сияқты қыспадым.  
Жан түршітер желімменде құшпадым.  
(Кімнен көрдің көліңнен қаз ұшқаның.)?

...Қында болса пәниге тойынбағам,  
Адам аз бұл өмірде жолы болған.  
Жәй ғана күз айы екенімді,  
Сені қайдам мен өзім мойындағам.  
Бәлкім мен,жүрексіз шойынды адам.

*«Талас тынысы» газеті*

18 09 2010





### Қыркүйек элегиясы

Ақ бантік көрсем қыздардан,  
Жүрегім өксіп сыйдаған.  
Бүкіл қан тамыр мұздаған,  
Орындалмай ізгі арман.

Жанартай мұндар атқылап,  
Жанарыма жас тұнад.  
Кіршікіз сол бір ақ бантік,  
Жазылмас жарам боп тұрад.

Кертіп алғандай бақтан тік,  
Тағылмай кеткен ақ бантік.  
Ақ туы балғын жастықтың,  
Айтарым жоқ сол шактан түк.  
Мен үшін жұлдыз аққан тік.

2009





## ЖЫЛАТА БЕР

Жылата бер, ей, тағдыр, жылат тағы,  
 Жылауыма әлі де қуат бар-ды.  
 Жылауды бұйыртқан соң о баста сен,  
 Құлақ аспай жылайын жұбатқанды.

Арал, Балқаш емес пе едің кос жанар,  
 Алма бетім аңы жаспен дос болар.  
 Кейде аларған көздер болып жылатсан,  
 Кейде жылат сөздер болып бас салар.

Өзім де сорлымын ғой бастан бірак,  
 Тудым мен тұрған кезде аспан жылап.  
 Өзгелер сексен пайыз судан тұрса,  
 Мениң денем жүз пайыз жастан тұрад.

Тамырыма қан емес жас таралған,  
 Ес ауысты қара тор тас қамалдан.  
 Тайып қана жығылар тәбесінен,  
 Күтсе болды шыңырау –құз, аскар алдан.

Мойындаудан жәй жылау онайда екен,  
 Жыласам өкініштер тарайды екен.  
 Құмарынды көз жасым қандырса егер,  
 Ей, тағдыр, қажетіне жарайды екем.

24 02 10



## НАУРЫЗДЫҢ СЕГІЗІНДЕ

Әйелдер күнін наурыздың сегізінде,  
Жыл сайын мейрамдайды жер жүзінде.  
Жұмысшы әйелдер көтерілісі ме ед,  
Қоғамда ұшырасқан көзі мінге.  
Сталин әйелінің туған күні ме ед,  
Нақ қайсысы белгісіз негізінде.

Көкпар болып гүл, иіссу, шокаладтар,  
Алақаннан от шыққанша шапалақтар.  
Халықаралық әйелдер күні деumen,  
Айрықша қызмет етер опа, лактар.

Әйелдер күні әйтеуір бір мейрам,  
Қақын таптап жатпасада еш тиран,  
Әшейінгі еркелігі ештене,  
Тәлпіштерін одан сайын ырбиган.  
Сұлу болып қояр емес сидиган  
Отырыстар жалықтырмас оларды,  
Тұратын тек «алып қой» мен «күй-күйдан».

Байлыққа шомған кей әйел зиялышын,  
Тосады бұл күні қиялды шын.  
Жәй қыздарда бұл күні дәметеді,  
Кем дегенде «Нокияның» ұялышын.

Бұйырып жатса сумочка «Шанельден»,  
Басы айналып бақытқа кенелген.  
Неге екені белгісіз әйтеуір,  
Әйел бұл күн сыйлық күтер әлемнен.



Сыйланса «Кабриялеттің» машинасы,  
Немесе «Тифнидің» сақинасы.  
Танымал бір дизайнердің шубасы,  
Тосса егер «Прадоның» қокимасы,  
Демек ол қазіргінің падишаһы.

Бұл әрине алыста, басқа жақта,  
Сыйлық емес қой кірер бас талапқа.  
Дәл біздің аналар бақыты үшін ,  
Неде болсан әйтеуір жасқа батпа.  
«Мама, мерекенмен» десен болды,  
Ырза болар жылы жүз, қас-қабаққа.

08 03 10



## ҚОС ЖАНАР

Мен үшін байлық жоқ асқан жанардан,  
Мейлі, мөлдірсіз, отсыз аларған.  
Өмір үйден шықпасам да таңылып,  
Көз арқылы хабардармын ғаламнан.

Кітап оқыдым рухани тарықсам,  
Жүргімде жағылған-ды жарық шам.  
Жанаарменен таныдым өмір мәнін,  
Көзден жасым ақтарылды жабықсам.

Сенде бір күн сөніп қалсан егерде,  
Мен сүйенер түк қалмайды әлемде.  
Байлаулы аттай үйде қантарылған,  
Бір сау мүшем жоқ еken ғой денемде,

Бар сырымнан белгі берген көз- қарас,  
Жанаарсыз сұлулықтан сөз қозғамас.  
Өтінемін қу тағдыр бәрін алған,  
Ақыл, көзден ұсташы қолды алас.

23 03 10





Қайталама ленталар.

Алмай- бермей тағы бір жыл өтті ме,  
Соғылғандай қу басыма көп дүре.  
Мысқалдай бір өзгеріс жоқ, япыр-ай  
Тағы сол жел соғып тұр ғой өптіге.

Мәнсіз талай таңды қалай атырдым,  
Бәрі өкінішке орай соқыр мұн.  
Кеше тоғызда қалай отырсам,  
Қазір тоғызда дәл солай отырмын.

Ай мен жыл көрінбейді сағатта,  
Сездірмейді суша ағып заматта.  
Несіне асығады жан оққа?  
Өз үйіне кеткісі келеді ме?!

Бұл дүниеге келгеннен соң қонаққа.

Тағы бір күнтізбе істен шықты,  
Бұл жолы жасты жаным іштен сықты.  
Айлар өтер, тағы да жылдар өтер,  
Әжім ғып шайнар бетті тіспен мықты.

14 04 10





## ҚАҒАЗ БҮЛДІРУ

Койсам ба, осы қағаз бүлдіруді\*,  
Шаңы шықпас жаяу мұнды жыр қылуды,  
Көніл- күйі түсетін оқыған жан,  
Сән -салмақсыз жапырақ күзгі күнгі.

\* \* \*

«Занят» болып басқа қызық, бар бақыт,  
Серке -өлеңді берді ғой сорлатып,  
Бар қазақ таласып жүрген көкпар ғып,  
Миы ақсын деп мен бейбақты алдатып.

Емініп сұрап алған емізік-жыр,  
Менімен өзін жетім сезініп жүр.  
Жұбатады жыласам бақыт іздеп,  
Өлеңімнен кеткен- ді безініп нүр.

«Қағаз бүлдіру» (О.Бекей).





## Несін келдің.

Қайда кетіп ең?  
 Шабыт құс, қайта оралдың,  
 Қай тынысына қанат болдың тар қофамның.  
 Қай қырырдан пәк жанына жәй таба алдың,  
 Қамыққанды өзін іздер бар ма обалын.

Мезі етті де менің мұным тұра қаштың,  
 Сағынтың болар сұлу сыры сірә, жастың.  
 Маған бақытты көрінетіндер не деді?  
 Қажып журде оларда қамы деп кара бастың.

Жастар жастықтың қызығына қандырды ма?  
 Сезімнің сатқындығын айтып тоңдырды ма?  
 «Атым қалсың әйтеуір әдебиетте» деп,  
 Зиялыш жүрт баяғы көлге қондырды ма?

Олар қазактың тілін, ділін мұң ете ме,  
 Жара салған өткен күнді жыр ете ме.  
 Аландыудың қажеті жоқ бұған түге,  
 Ауып барад FTP-ден тас ғасырға,  
 Алғанменен көмектеспейді босқа сынға.  
 Қазіргі адам ұятты жерін де жаппайды,  
 Тамағын ғана ойлайды байқайсың ба?!

Оны айтуың керек бірақ қай-қайсында.

...Несің келдің тірі өлікке тасадағы,  
 Басынады мен шіркінді маса-дағы.  
 Кетпейсің неге куса-дағы, ұрса-дағы,  
 Ағытылмақ көз жасым қоса тағы.

2010

Бұлақ мұңи басында.

Ағысынына беу дүние, құлақ түргін,  
Отау тіккем басына бұлақ мұңнын.  
Зарымды илеп тағы да боздайын,  
Есесіне бұйырмас жұмақ күннің.

Көргенде замандастың бақыт көшін,  
Еркін кезген жастықтың бақша ішін,  
Өмірге шығар менің шапшып өшім.  
Келте кескен қылқынтып тапшы пішін.

Бағынбаған бұл пендеге аз ба шын,  
Одан жүрек жүдемесін, азбасын.  
Жылап жылжып жиырмаға да жеттім-ау,  
Енді маған басқа сорын жазбасын.  
Одан - дағы мұңның шоғы маздасын.

Арқалап-ақ өтейін дара жүкті,  
Қатарымнан өзге ғып жаратыпты.  
Тағдырдың өзі бұзған аралықты,  
Кім түзеп, кім жыртығын жаматыпты?!

14 02 10





## Өмір

Өмір- өзен ағысты,  
Өмір -майдан соғысты.  
Өмір -базар қайнаған,  
Бәрі осында тоғысты.

Кететін бір тойынбай,  
Өмір -"құмар" ойындар.  
Өмір- бітпес азап қой ,  
Шыдайсың ба шойындар.

Өмір- шыққан таң күліп  
Өмір -үміт, сан күдік.  
Өмір кейде өгейдей,  
Сан қырлы ол мәнгілік.

2006

Неге керек  
Неге керек осы өмір?!  
Жылу бермес жүрекке.  
Құлазиды қу көніл ,  
Жете алмай тілекке.

Неге керек байлығын?!  
Өз өзіне қимасан.  
Неге керек бауырың ?!  
Біреуіне сыймасан.

Неге керек достарың?!  
Бір күн сатып кететін.



Неге керек жазды күн?!  
Қыстан ығып кететін.

Неге керек жастығың?!  
Кезінде ойнап күлмесен  
Неге керек шаттығың?!  
Әділ өмір сүрмесен.

01 04 07

### Қара тұн

Қара тұн ай сәулесіз,  
Аспан бұлтты, бақтар үнсіз.  
Ағысымен күй шертетін,  
Өзендер де бүгін күйсіз.

Жұлдызда жоқ жымындаған,  
Тірі жан жоқ қыбырлаған.  
Құлақ тынар тыныштық,  
Құстар қайда шуылдаған.

Тұман басты қыраттарды,  
Самал еспей тұрактады.  
Бұлактар да тартылды,  
Бұл маңнан жырақтады.

Қашан бітер бұл қара тұн,  
Қашан шығар жаңа күн.  
Танғы шақ әлі алда ма?!  
Мұны маған айтар кім?!

18 11 2006



## Біз тұрғанда

Мін таппаспын мен сенен баба жолы,  
 Бар байлығы болса да дала жоны.  
 Не деген өлермен ең өткен үрпақ,  
 Күтынды өшірмеген қара долы.

Өркениеттен қалып қойған қалтарыста,  
 Жүрген кезде жауымен арпалыста.  
 Кінәләман, мен сені кінәләман,  
 Не ойламақ абдырап жан соғыста.

Не жоқ десей ал қазіргі біздерге,  
 Жете алмай "рух" деген ізгі емге.  
 Жаһандану -жоғалудан қорғанып,  
 Барлық ұлттар өз жолдарын іздеуде.  
 Жарым жолда жайлауда біз отырмыз,  
 Көшпеген қасқыр үйір күзгі елге.

Киномыздан бет қызарып босадық,  
 Жиіркеніштер топтамасың жасадық.  
 Шетелдің шетке шыққан жұлдыздарын,  
 Шақырып дүбәра дүние жасадық.

Спортымыз женілуден жалықпас,  
 Ең аяғы доп теуіпте жарытпас.  
 Жүгінеріміз тағы сол шетелдік,  
 Бір-екі жүлде әперер тарықпас.



Әніміздің барлығы да жылауық,  
Сырт әнімен араласқан быламық.  
"Жаным" деуден тұрады,  
Сөзге шорқақ,  
Қазақ әні дей алмайсың бұл анық.

Рухты қойшы ұлттық брэнд те жок бізде,  
Үрзалақ болса болды жат жүзде.  
Басқа елдер бір-бір сала менгеріп,  
Біз ұқсаймыз жер байлықсыз тап түзге.

Бұл сөзге бай қазақ жок құлақ асар,  
Ақша бітсе қалтасына бұра басар.  
Ұлттық өнімге ақша салар деген ,  
Олигархтар шетелге тұра қашар.

Балаң бар ғой әйтеуір "Қазақпын" дер,  
Артта қалды коркыныш ,тозақ күндер.  
Тілі бекем,діні берік біз тұрганда,  
Мұрағатта қалмақ бұл мазақ-міндер.

20 08 2010



## Әдемілік

Мазалап ойландырар қайдағы,  
Аңсатар қол жетпес айдағы.  
Көнілсіз құлазып отырғанда,  
Қолға аламын келіп айнаны.

Қарашада көктемім түрлентті,  
Айтады ғой сәнқойлар құрметті;  
«Әдемі болып сен тумасанда,  
Әдемі болып жүру міндettі.»

Жастық жағдайға қараған ба?!

Сәл сәуле сыйлар нала адамға .  
Сәндейін ақ түскен қара шашты,  
Жартысы түсетін тарағанда.

Опалайын енді дидарымды.  
Алдымға алыш бар жиғанымды,  
Түрлі бояу жағып жанағыма,  
Іске асырғандай-ақ ойдағымды.

Қыналап кірпікті ұзартайын,  
Далаптап ерінді қызартайын.  
Жылжымас жатақ мұндан,  
Сәл-пәл жүрегімді тазартайын.

Бұрқыратып иіс суды себейін,  
Лак жағып тырнағымды егейін.  
Бас кесер жендettің қылышындей,  
Қақайтып қос қасымды терейін.



Шашыма қыстырығыштар тағайын,  
Риза болып айнаға қарайын.  
Киген киіміме сәйкесінше  
Құлағыма да сырға салайын.

Өтеді осылай бір сағатым,  
Опа-далап казіргі жан-жанатым.  
Әйелдік парыздардың бірі ғой,  
Әдемілік деген таң қалатын.

14 12 08

Кей аздағында деңгээ майдағы –  
Дүниә сілдеңеңдерде деңгээ майдағы.  
Мұныңда үшінші сәніреттіңде деңгээ  
Күзде – тұзға дәлбекінде деңгээ.





## Жастары бұл ғасырдың

Жастары бұл ғасырдың,  
Мінінді айдан асырдың.  
Бірікпейді бастарын,  
Оның несін жасырдың.

Көпке топырақ шашпайын,  
Артық жаңалық ашпайын.  
Ренжімегін замандас,  
Көргенді жазып тастайын.

Былшыл сөзге ересін,  
Желіккенмен желесін.  
Өздеріңе қарамай,  
Біреулерге күлесін.

Өсек сөзге жерік дейсін,  
Киноға еліктейсін.  
Ақыл айтса түсінбейсін,  
«Өзімде барлық ерік,» - дейсін.

Құмарсың қисық сөзге,  
Алдайсың көрер көзге.  
Әуесін шылым, шарап,  
Кәт емес онан өзге.

2005



## Қал-қалай?

"Қал-қалай" деп сұраса менен біреу,  
Не айтарымды білмей сасам дереу.  
«Жақсы» деп айтуға жоқ қой демеу  
«Нашар»деуге тағы да таппай теңеу.

Арбаға таңылып отырғанды ма?  
Кей таңды көз ілмей атырғанды ма?  
Өз мұным өзіме жетіп тұрсада  
Біреуді аяп бас қатырғанды ма?

Кей ақымаққа кеткен ызамды ма,  
Душар болған жазықсыз жазамды ма?  
Мұнымды айтып Аллаға қайта-қайта,  
Күндіз - түні алатын мазамды ма?

Тұнғиық жүрекке бойлап бармастан,  
Бірдене айтып бірге тіс жармастан  
Үндемеймін "жақсы" деймін жымып,  
Бір уайым табылады ғой әр бастан.

2005





### Қаратаяым

Бұлттан алқа тағынған,  
Күн нұрына малынған.  
Жатырмысың қорғаным.  
Қара тастан салынған.

Басқалар менсінбесін,  
Сені өзгеден кемсің десін.  
Сені мендей перзентің,  
Асылым сенсің десін.

Өзгеге Қаратаяым,  
Өзіме дара тауым.  
Қадірінді білмейді-ау,  
Осы күн жана қауым.





## Қараша-ғұмыр

Бұлт кетпейтін көгінен,  
Жан тонатын желінен.  
Қараша-ғұмыр шаршаттың,  
Сәні кеткен белінен.

Бау бакшасы іренсіз,  
Тіршілігі сүренсіз.  
Қараша-ғұмыр шаршаттың  
Қоныр күз-ай, күрен күз.

Көрінбейтін күні де,  
Жылға татыр түні де.  
Қараша -ғұмыр шаршаттың  
Ұлыған иттей үні де.

Бет қаратпас ызғары,  
Өкпеден өтер сыйдары.  
Қараша ғұмыр шаршаттың  
Көлдегі қаймық мұздары.

12 11 07





### Қоңыр күз

Уа, күзім-ау қандайсын,  
Қартайған бір жандайсын.  
Аспанды бұлт торласа,  
Жаңбыр болып жылайсын.

Жапырағын шашылады,  
Аяқтарға басылады.  
Бұлт ораған жүзің,  
Күнің қашан ашылады.

Қоңыр күз нені аңсайсын,  
Босқа неге шаршайсын.  
Айналаны түрінмен  
Сары мұнға қоршайсын

Шарқ ұрасың құйын боп ,  
Барады мінезін қыын боп.  
Жазың енді оралмас,  
Тосыннан бір сыйын боп.

Алдында бар әлі қысын,  
Көрсетер талай сұсын.  
Қоңыр күз көп қой сенің,  
Тағы да қиналар тұсын,

Сағындың, білем, жазынды,  
Ұшып кеткен үйрек-қазынды.  
Қайтсек те бұл табиғат,  
Тындармайды назынды.

15 10 2006

## Күнделіктен

Күн артынан жылжып күн ереді,  
Мына күздей көніл түнереді.  
Пәк армандар адамда орындалса,  
Керемет-ақ өмір сүрер еді.

Әлсізді менмен басынады,  
Көкіректікпен тасынады.  
Елемеші бірақ оларды,  
Солай сорына асығады.

Өмір өзің сүйгенді сорлатады,  
Қайғымен жанынды торлатады.  
Өз таяғы аздай бұл шіркінің,  
Топастың сөзіне қорлатады

15 10 06

Ермексіздіктен ішім пысады,  
Құдайым жіпсіз мені тұсады.  
Мен ғана емеспін ғой құсалы,  
Әркімді әр жерінен қысады.  
Арманның соңында жүріп адамдар,  
Ажал-қарақшы оғына үшады.


Қайғы менен қуаныш араласып,  
Жамандықтар да жүр жағаласып,  
Әлімсақтан тіршілік осылай ғой,  
Уақыт шіркін бізден барады асып.



Тағдыр маған сол қабағын бұзбайды,  
Содан-ақ менің жүрегім мұздайды.  
Жанымды жаралап қу өмірім,  
Әр күн сайын жас-кермегім тұздайды.

Басқа салса адам көнеді екен,  
Үміт те біртіндеп сөнеді екен.  
Ал содан соң жындануға шақ қалып,  
Мұндар ғана саған төнеді екен.

31 03 07





ҚҰЛАЗУ

АҢСАУ, ШАРШАУ,  
ӘЛІ ҚАНШАУ?  
ЖАН ТҮРШІГЕ ТОҢАЗУ.  
КӨП ШАҒЫНУ,  
ТЕК БАҒЫНУ,  
КҮЗ КУНІНДЕЙ ҚҰЛАЗУ.  
ҚҰРЫҚТАЛЫП,  
КІРІПТАРЛЫҚ,  
ТАБИҒАТША ӨЗГЕРМЕУ.  
ҒАЖАП КҮТУ,  
БІРАҚ БІТУ,  
БОЛАШАҚТЫ КӨЗ КӨРМЕУ.  
ҰҚҚАҢ ІЛІМ ,  
ЖАП-ЖАС ТҮРІМ ,  
ТҮККЕ АСПАЙ ҚАЛУ.  
МАҚСАТ, АРМАН,  
БОСҚА ҚАЛҒАН,  
ОҢАША СЫҢСЫП АЛУ.  
ГҮЛШЕ СОЛУ ,  
ЖҰМЫС БОЛУ,  
АТА-АНА,БАУЫРҒА.  
ЖӘЙЛАП СӨНІП,  
КӨЗСІЗ КӨНІП,  
АРҚА ТОСЫП АУЫРҒА.  
ТАҒДЫР ТҮТКЕН,  
КҮНДЕР ӨТКЕН,  
ШЫҒАМ БА БҮЛ ТУНЕЛІНЕН?  
АЯР КӨЗДЕН ,  
ЕҢДІ ТӨЗБЕН,  
МУСӘПІР ШИНЕЛІНЕН.

**Мен таныған тіршілік.**

Мен таныған осынау тіршіліктегі,  
Көп жол берілген-ақ кемшілікке.  
Кетер пендегем тұсын көрсетіп,  
Өмірге келседе тек күңшілікке.

Жануарлар мәдениетті адамнан,  
Онысын көрер тағы заманнан.  
Осы күні жыртақтаған мылжыннан,  
Аяқ алып жүре алмайсын наданнан.

Күні үшін жаманды жақсы ардақтар,  
Бұлбұлдар есектің әнің мадақтар.  
Кешегі қыран мен бүркіт баласы,  
Бүгін қарғаға қарап жалтақтар.

Кінәсізге кінәлі кектеніп тұр.  
Сыйластықпенен шектеліп тұр.  
Тынық мұқитына лайық кемелер,  
Шалшық, лай суларда кептеліп тұр.

Сән болды апамның ағарған шашы,  
Тіпті, кораздың да қоқиған басы.  
Бүкіл жұмыр басты пенделердің,  
Шайтанның суы ең сүйікті асы.

Ескі киім артық болды жаңадан,  
Ағалар жұр именіп баладан.  
Талай сорлы аюлар жұр дал болып,  
Қарызға бал алып улы арадан.



Ар таппайсын дүниеде кіршіксіз,  
Жарты әлем пендесі үйшіксіз.  
Лактырып тастан ботасын құресінге,  
Мәңгіріп аруаналар жүр түйсіксіз.

Ми бермеген соң тәнір санасына,  
Барқ етер талай бала анасына.  
Осыменен енді доғарайық,  
Талайлар кірді өлең арасына.

2006





Менде жоқ махаббаттың бал жыры.

-«Қайғыдан алысқа барамапты,  
Іздеп оқыр жастар махаббатты,»  
Осыған саятын пікірменен,  
Сәлем айтып, бір туыс саралапты,  
Махаббатсыз құнсыз деп бағалапты.

Кездеспес сен іздеген қызық ой,  
Мендік өлең өмірдің мұзы ғой.  
Өлең бір жасалған тамақ болса,  
Махаббат деген оның тұзы ғой.  
Шын өлеңдер өмірдің сызы ғой.

Менде жоқ махаббаттың бал жыры,  
Қажетсіз бір сорлының жан мұны.  
Оқығын деп айтпаймын сондықтан,  
Кімде жоқ өкініштің сарыны.  
Өлмей бітпес пенденің шағымы.

Ауырмаған ауруды үқпаған,  
Оқылмаса, оқылман тап содан.  
Дүние мол дәulet болса-дағы,  
Менде бары кесеу тіл мен шоқ қалам.  
Сен қайтесің, мені оқып, тоқ балам.

2009, Қараша

Нағыз әйел болмысы

Жүрегі еш қартаймайтын,  
Ісін міндет қып жантаймайтын.  
«Балаларымның ол- экесі,» деп,  
Жарына көңілі ортаймайтын.

«Жок» дер «иә»дегісі кеп тұрса да,  
Кешірер көзде кек тұрсада.  
Жақындарын ойдан шығармас,  
Қанша алыста, шет тұрсада.

Өмір сүрер баласы үшін,  
Аямай дүние ,жігер күшін.  
Мейірім төгілер қарасынан,  
Жараспас оған басқа пішін.

Ұмытпас жақсы, жаманынды,  
Бірден сезер адал, арамынды.  
Баласын көрсе нұр жайнайды,  
Жасырып ішке нала мұнды.

Ол кешірімшіл көмбіс халық,  
Жеткізер баласын өліп-талып.  
Іштен тынады-ау не болса да,  
Көз жасын етекке сүрте салып.

Не десен де түйіп жүрер,  
Әділдік үшін күйіп жүрер,  
Білсен ол раушан тікені бар,  
Қатты ұстасан тіліп жіберер.



Сүйсе әйел құлай сүйер,  
Онысы үшін талай күйер.  
Біз әйелдер тәкәппармыз,  
Жыласақ та сылқ-сылқ құлер,  
Өздерінің жөнің білер.

10 07 08

### О, дүние

Тозақта тағы бір орын қалды ма екен,  
Жұмаққа біздерден біреу барды ма екен.  
Обал-жазық арқалаған құл-көшінен,  
Қыл көпір белі майысып талды ма екен.  
Жапырыла құлағанда көп күнәһар ,  
Бықсып өшпей тозақ оты жанды ма екен.  
Пенделерді талғамсыз тоймай жұтқанда ,  
Әзірейілдің құмары қанды ма екен.  
Бұл дүниеден жазасыз өткен онбағандар,  
Ол жакта Алладан жаза алды ма екен.

Жазылып қойған дейд пешенеге басында,  
Құдай қаласа сөйлеуі мүмкін тасын да.  
Бұл жалғанда жылаумен өткен жаралы,  
Шын өмірде бақытын тапты ма расында.

Жамандамай өзгені өзіне төніп қара,  
Барамыз біргіндеп шырағдандай сөніп қана.  
Сенемін құранға, Құдайдың барлығына,  
Өткенмен бұл жактан тағдырға көніп сана

Жан сенбек, көз жетпек өліп қана. 08 2010



Өмір, ұқтым, мен сенің райынды...

Өмір, ұқтым, мен сенің райынды,  
Ызғар шашқан,  
мұз қатқан шырайынды.  
Керек емес енді маған ештенен,  
Жарылқай ғой ығай мен сығайынды.

Қаталдығына мен ерегестім,  
Жан жарамды енді елемеспін.  
Тілемеймін жалынып жылулықты,  
Тозаққа да мен сені теңемеспін.

Шығардың әркез алға арам атын,  
Санамда қалар тек жаман атын.  
Бір күнімді өткізермін әйтеуір,  
Алла берген соң адам атын.

02.03.2008

Мадина Еркінбекқызы



Өмірімнің өткеніне үңілем,  
Үңілем де өмірімнен тұңілем.  
Мені тек дауылдар жұлмалады,  
Аямады қырсыққа бұрмалады.

Бара жатқандаймын суға кетіп ,  
Үлгермesten мына тұлға бекіп.  
Суық аязға тонған дірілдеп тұрған,  
Күзгі жапырақтаймын, өні құрған.

Түнек қана өткенім мен ертеңім,  
Зарлаттың -ау тағдыр деген көркемім.  
Болды.  
Жаным тыныштық қалайды,  
Бәрін мағынасыз деп санайды.



Ренжіме

Ренжіме маған анашым,  
Тек өзің ғой пана шың.  
Өтей алмас парызын,  
Өмірі өксік балашың.

Ренжіме маған жырларым,  
Мұңғана айтқан сырларым.  
Бір шаттанған жерім жок,  
Артымда қалған қырларым.

Ренжіме маған өмірім,  
Разы болмады көңілім.  
Күнәсін кеш пенденнің,  
Күнәм болса Тәнірім.

31 03 07





### Жер беті сахна

Сахна, дейді, жер беті,  
Иә, ұқсайды келбеті.  
Жалғандық деген гримнен,  
Көрінбейді кей ел беті.  
Актерлар ғой адамдар,  
Көп-ақ олардың кем-кеті.

Арамызда аз жақсылар,  
Кедергі көп қак сынар.  
Пешене ол-сценарий,  
Өмір -сахна бақ сынар.

Рөліміз бар ойнаймыз,  
Спектакълдерге тоймаймыз,  
Рөлді алып қоймаса,  
Ойнауды еш қоймаймыз.

Ойнар біреу арамды,  
Жақсы шығарар жаманды.  
Біреуі болып жемкор,  
Біреу ойнар наданды.

Менмендер көп арамызда,  
Тұз себетін жарамызға.  
Үлкендер аз бұл күнде,  
Үлгі тұтар санамызға.



Мұнда жақсы рөл аз еken,  
Алла бәріне қазы еken.  
Ойнаса байдың рөлін,  
Барлық актер мәз еken.

Көрерменімізде құдай,  
Ойна рөлінді шыдай.  
Бақылап отыр сені,  
Көз алмай ол ұдай.

15 04 07





Таң атты

...Анық қой бұлай жалғаса бермесі,  
Көңілімнің бар талайдан дәмесі.  
Өкініштің аяғы қуаныш болса,  
Әділ болса екен тағдыр кемесі.

Бір жақсылықты күтем үміттене,  
Қарағанмен өмірге құдіктене.  
Осылайша тіршілігім өтуде,  
Тағыда бір таң атты құліп міне.

2006



Тұрымтайдай уақытым

Тұрымтайдай уақытым,  
Тап жылжымай қойдың-ау.  
Жалғанның шырын бақытын,  
Татпай-ақ өмір тойдым-ау.

Тарылады тынысым,  
Ая жетпей бір сәтке.  
Жазылмай жан құрысым,  
Куат айтар дәтке.

Батар күн белгісіндей,  
Уақыт сенің ажарын.  
Маған қарай келгісінбей  
Көшті өмір базарың.

28 07 07





## Анашым

Анашым,  
Менің жер бетіндегі жаннатым,  
Бар ауруы менен бастау алатын.  
Мен болмасам бұдан жастау болатын.  
Мінезім көп жүрегінді жонатын.

Ойымыз да көп жерлерде түйісер,  
Қалжындасып құрдастардай күлісер.  
Сен ауырып қабак шытсан болғаны,  
Әп-сәтте бәйшешек жаным бүрісер.

Кеш ана, әр ауырған басың үшін,  
Кеш ана, әр ағарған шашың үшін.  
Кеш ана, әр ағызған жасың үшін,  
Жыларат өлең деген досым үшін.

Жалбарынып Алладан ұзакты күн,  
Мен тілеймін жасыңың ұзактығын.  
Түсінесіз айнасыз-ак ішімді,  
Жағдайың жанымды сыздатты мын.





### Бір сәби шетінегенде

Ұнамады ма өмір күнә батқан,  
Сезед дейді сәби де іште жатқан.

Шықпай жатып құрсағынан анаңын,  
Налыдың ба бейнесінен заманның.

Шошыдың ба өмірдің былғынан,  
Жиіркендің бе адамдардың қылғынан.

(Жараптың ба періште болу үшін,  
Жіберді ме Алла бізді жону үшін.)

Қос канатты періштеге айналып,  
Көкте ұшып жүргенің де айға анық.

Ата-анаңды қолдап-қорғай жүргейсін,  
Бір жақсысы сен жамандық білмейсін.

Сен бізден бақыттысың періштем,  
Дәм татпадың күнә деген жемістен.





### Жаңа жыл

Аяз ата алыс жактан келеді,  
Көңілдегі бар тілекті береді.  
Үлкендер де осы бір ертегіге,  
Жаңа жылдың уақтысында сенеді.

Ұлпа қар ызғарлы аяз үскірген,  
Мұнда мұн кешегі күздей ескірген.  
Қаяу көңіл көрмейсің еш жерден,  
(Жаңа жылда көңіл алдау кескінмен).

Мейрамдаймыз қолдағы жалпы бардан,  
Бәрі бақыт күтер толқып алдан.  
Жәй алдамшы екенін біле тұра,  
Әрбір жүзде қуаныш жарқыраған.

Бірақ тірлік өзгермейді тамылжып,  
Он екіні күтсек-тағы сабыр ғып.  
Көзге еш ғажайып көрінбесе де,  
Адамдар жаңа жылға құмар неғып.

Сол баяғы жалғыз адам жалғыз,  
Сол баяғы карыз адам қарыз.  
Көнілді алдар жалғандық қой нағыз,  
Жаңа жылда да орындалмас арыз.

Білген соң бақыттың кем екенін,  
Жақсы көңіл жүрекке ем екенін.  
Аты кетті әлемге таралып,  
Өзіміз ойлап тапқаң мерекенің

## Мадина Еркінбекқызы. ҚАЗАН АЙЫ.



Қақаған қысты өмірді сәл ұмытып,  
Қабақтағы аязды ән жібітіп.  
Қарсы алайық күлімдеп жаңа жылды,  
Қамыт -уайым түймесін аз ағытып.

2009



2005, изданіл



Тағы бір күнім өтті

Тағы бір күнім өтті мағынасыз,  
Мұндай өмірден сіз-дағы жалығарсыз.  
Төрт қабырғаға таңылып отырамын,  
Бір күн бақыласаныз жабығарсыз.

Сырласымда, досым да кітап қана,  
Амал қанша отырам да шыдап қана.  
Не дейін мандайдағы тағдырыма,  
Оңашада алам аздап жылап қана.

Бір нәрсе берсе құдай төзім берсін,  
Тағдыр солай болса пенде не десін.  
Шарасыздан пешене жазуына,  
Үйге таңылғанға да көнесін.

*Көктем, 2005*





## Депрессия

«Не болды?» деп сұрайсың-ау сенде,  
Жолы болса да жылайды ғой пенде,  
Жансыз куыршақ емеспін ғой менде.

Пессимистік «приступым»ұстап қалды,  
Жігер-қайрак жонылып ұсакталды,  
Көңілге агрессивті ұшақ қонды.

Зікір салуда бүгін «Жын» атам кеп,  
(Әуре болма, Анашым, жұбатам деп),  
Жоламашы жаныма, жылатам тек.

Атылар оқ толып тұр өшке кеуде,  
Не десем де дәл қазір өкпелеме,  
Жараланған жауынгер «неге?» деуде.

Байлаулы итпін «аф» деп қауып алам,  
Қынсыз қалған қанжармын шауып алам,  
Тиісер айыбынды тауып алам.

Жыртамын да, сындырам, лақтырамын,  
Содан соң тынышталып сап тынамын,  
Бұл жәй ғана депрессия. Жоқ сұрарым.

Жылап-сықтап жындансан да долдана,  
Асылық қылдым кешір деп Аллама,  
Құлшылық етем қазір –ак сонда да.



Ал қазір жылайыншы бір тиіспендер,  
Ұғар мені азап уын жиі ішкендер,  
Кеуден бөлек. Қайғымды бөліспендер.

04 02 09 сағ:22 30

### ШАБЫТ ҚҰСЫМ


Қайдасың шабыт құсым шарықтамай,  
Көңілімнің көлінде қалықтамай.  
Шынымды айтайын, музға, саған,  
Сен келсөң ашы өмір анық балдай.

Жүргегім зәмзәм суға қаныққандай,  
Астымдағы қатты арба мамық қандай.  
Сен келіп музға мені сейілтпесен.  
Өмірден жаным тағы жалыққандай.

Сен келсөң мені уайым жеңбейді,  
Ойыма жайсыз ойлар көп енбейді.  
Сен келіп жанымды тулатқанда,  
Өмір нашар дегенге де сенбейді.



Мадина Еркінбекқызы. ҚАЗАН АЙЫ.



З-бөлім.  
Оңаша ой



## ЖАСЫРЫН ЖАС. (Новелла).

Тағы күз... Тағы қараша... Сол аялдама... ОЛ әдеттегідей сол жиырмасыншы автобусты күтіп отыр. ОЛ ОНЫ тағы есіне алды... Сол жылы қарашада ОЛ от болып жанып жүрген еді. Қазір қарашада сырты тоңып тұрса, ішіне мұз қатып тұр. Сол мұздан еткен күн елестері ағарандайды. Осыдан тұра екі жыл бұрын дәл қарашаның он алтысында (бірақ бүгін он үші) ОЛ дәл бүгінгідей жиырмасыншы автобусты күтіп тұрған болатын. Бұлар отырған аялдамаға көнелеу сұр «Ауди» келіп тоқтап, жүргізуші жігіт:

-Кыздар, кайда баrasыздар? - деп ыржып тұрды. Қасындағы әпкесі Жанар шегі қатып күле:  
-Ойбай-ау, қарным шертиіп тұрғанда «қыз» деп жынымды ұстапашы, - деді. ОЛ ОНЫ іштей таныды. Жанар осыдан бірнеше күн бұрын ауылдан бір сырттай оқитын қайнысы сессияға келгенін айтқан. Күндіз – түні үйде тұрмайды, телефонға тыныштық жоқ, қыздар өздері шакырып тұрады деп айтқан еді. Сол сез есіне түсіп, ОЛ ОНЫҢ бетіне анықтап тұрып қарады. «Асып тұрған ештенесі жок қой» деді ішінен. Бірақ ОЛ ОНЫҢ бетіне қарағанда жүрегі қаттырақ соғып кеткендей болды. ОЛ көзін тезірек тайдыруды ойлады.

Бірақ қайта қарай берді. Сол кездे жиырмасыншы автобус та келіп жетті. Жанар мен ОНЫҢ «машинамен апарып салайық» дегенін іштей қалап тұрсада «жок, ракмет» деп автобусқа мініп кете барды. Олар осылай танысты. ОЛ ОНЫ бір аптаның ішінде уш-төрт рет әпкесінің үйіне әр нәрсені сылтау

## Мадина Еркінбекқызы. ҚАЗАН АЙЫ.

кылыш іздең барды. Әйтеуір көргісі келетін де тұратын. Екеуі де адамдармен тез тіл табысушы еді, бірден бұрынғы таныстардай әңгімелері жарасып кетті. Әңгіме арасында ОЛ ОНЫҢ қызы бар екендігін, үйленсем деген ниетін де естіді. Неге екенін, қызғанбады. ОЛ бара беруге жездесінен ұялды. Бес күн әрен шыдады, карашаның жиырма сегізінде Жанар телефон шалып «дискінді көріп қойдым, әкете бер» деді. ОЛ қатты қуанды.

Бірақ барғанда ОНЫҢ ауылына кетіп қалғандығын естіді. Ал көктемде үйленді деді. Кесеусіз өшкен оттай бір нәрсені бастан кешірді. ОЛ одан кейін талай жігіттерді ұнатып қалғандай болғанмен, ОНЫҢ әсері қайда?! Міне жиырмасынышы автобус тағы келді. ОЛ кейде осы автобусқа да ренжитін еді. Автобустың радиосынан дәл сол күнгідей «Тыңдашы ән салайын мен саған арнап кеш батқан кезде, Жас тамшылайды жанарымнан сен оны сезбе...»-деген ән тағы айтылып тұр.

**ОНЫҢ сезбегені анық...**  
**«Арай» газеті, 03 12 09**





**Оңаша ой.**

Мен ойлай аламын, демек мен бармын.  
Рене Декарт

Француз ғалымы.

Өмірде болып жатқан әр нашар шакты жақсылықтың басы деп үғу керек. Аштықта журген адам «Бұл аштығымның бір токтығы болады екен», - деу керек. Эрине, бұл баз біреуге өзін- өзі алдау болып та көрінер, бірақ кейде бұдан басқа жол да қалмайтыны анық.

\* \* \*

Жақсылыққа да, жаманшылыққа да ат үстінен қарайтын адам қартаймайды.

\* \* \*

Өмірдегі адамдардың жаман жағын ғана көретін болсақ, дүниеде жақсы адам қалмайды. Керісінше, адамдардың тек жақсы жағын көрер болсақ, онда өмірде жақсы адам баршылық.

15 02 08

Мен Алладан адамзат үшін бір-ақ тілек тілер едім : «Е, Алла, өзін жаратқан пендене сәл де болса мейірімің болса, онда оны періштеге де тәуелді қыла көрмеші».

12 02 08

Жаттап алса надан да нақыл айтады.

13 03 08

Адам біреумен ренжісіп қалған кездे өзінің дұрыс емес жерлерін мойындаса, онда өмірде ұрыстар аз болар еді.

13 03 08

## Мадина Еркінбекқызы. ҚАЗАН АЙЫ.



Егер адамнан құдай өмірге келмес бұрын: «Сенің өмірің мынадай болады, қалайсың ба?» деп сұраса, онда өмірде бақытсыз жандар аз болар еді. Ал бақытсыз жандар аз болған соң, бақыттың қадірі қазіргідей болмас еді. Себебі, әр кезде алтын қолда барда қадірсіз. Сондықтан, өмір жақсы ойлас-тырылған тұзак-ойны.

15 04 08

Егер Алла адам баласына өмірге келерде ақыл, ой түйсік деген сияқты нәрселер бермесе, онда оған ешқандай ата-ана тәрбиесі де, колледж, университет те тіпті академия да көмектесе алмайды. Әлгі түріктің: «Есекке алтын жабу жапсан да, есек болып қалады» дегеніндей, ол шіркінге қанша диплом әперіп, шет елге жіберіп оқытсан да сол ақымақ күйінде қалады. Мұндай ақымақтар бір-бірінің қолынан ұстап тұрса жер шарын он орап алар еді, мүмкін оданда асып кетер мейді?!

20 04 08

Алла жаратқан тіршілік иелерінің ішіндегі ең саналысы адам болса, ең санасызы да адам


02 06 08

Дүниеде ешқашан емі табылмайтың бір-ак ауру бар ол-топастық, көкірек көзі сокырлық.

05 06 08

Мен үшін ең қыын іс-өтірік әңгіме тындау.

05 06 08



Адам өмірі бес-ақ күндік, ал жер мәңгілік.  
Сол себепті, адам мәңгілік нәрсені өзінің жеке  
меншігім десе, бұл-акымақтық.

06 06 08

Бір елдің поэзиясын түсіну үшін, алдымен  
прозасын оқы. Сонда қытайша поэма жазуың да  
мүмкін.

07 06 08

Бәрінен өкініштің, ештене айтқың келмейтін  
кез. Бәрібір сен айтсан да, айтқаныңды ешкім  
түсінбейді.

10 06 08

Адамның мінезін екі топқа бөлуге болды.  
Біріншісі, та біткен мінез, ал екіншісі, жүре пайда  
болған мінез. Та біткен мінез ол бір туысының  
мінезіне ұқсайтын, немесе өзіндік мінез. Ал жүре  
біткен мінез-өміріне, айналаңа байланысты қалып-  
тасады. Кейде та біткен мінезінді жүре біткен  
мінезің женіп кетеді. Та біткен мінез көбіне  
өзгеріске ұшырайды. Адамның мінезінің не жақсы, не  
жаман болуы өмірі мен айналасына байланысты.

\* \* \*

Әдемі болғың келсе, сүйікті бол, сүйікті  
болғың келсе, сүйімді бол, сүйімді болғың келсе,  
сыйлы бол. Сыйлы болғың келсе, алдымен өзің  
айналанды сыйла.

11 06 08

## Мадина Еркінбекқызы. ҚАЗАН АЙЫ.



Ең болмаса ішінде, онашада, жүрегінде өзінің жаман мінізін мойындай алмаған адамнан жақсылық күтудің қажеті жок.

28 08 08

...Ақша жок. Ақша жетпейді... кәзір де, бұрындары да, әйтеуір өркениет басталғалы адам өміріне ең көп айтылатын сөздер осылар. Рас, ақша ешкімге жетпейді, оны жеткізем деу де ақымақтық.

Ақша ол-өзімшіл, ерке-тотай әйел сияқты. Ол ешкімге тәуелді болғысы келмейді. Қайта маған тәуелді бол дейді. Бүкіл пенделер мен үшін өмір сүрссе, мен деп зарласа, тек мені қаласа, мен деп соғысса дейді. Қарап тұрсаныз біз-пенделер дәл солай етіп те жүрміз, және солай ете береміз. Қайта тіршілік басталмайынша.

02 08 09

Көп сөйлейтін адамның сөзінің жартысы өтірік болады.

09 07 08

Бір тілді бір тілден бай деп айтатын адам бірақ тіл біледі деген сөз.

13 07 08

Ақылсыз адам ешқашан аузынан шықкан сөзді андамайды.

Ал, құлағына кірген жаман сөзді қағып алады. Сөйтіп өзінше өкпелеп жүреді. Шын мәнінде ол сөз бар болғаны өзінің сөзіне айтылған жауап қана.

21 07 08



Той деген негізі жақсы ғой. Жақсы дейтіні сол, ойдағы, қырдағы, танитын, танымайтын, ұнайтын, ұнамайтын туыстарынды көріп бір жасап қаласын.

27 08 08

Айтады білімді теңіз деп . Одан ен ұлы деген ғалымдардың өзі бір тамшы, ары кетсе бір қасық алады, не береді дейді. Бірақ дәл қазір одан ешкім ештеңе алмайды. Тек көреді. Кейбіреулер сатып алдым деп ойлайды. Бірақ шын мәнінде тек ақшасын шығын қылады. Басына ештеңе тоқымайды, ұқпайды, білімнің не екенін түсінбейді. Бұларға білімді сататындар да өкінішке орай, көбейіп кетті. Осылайша олар «оқығандар» болып шыға келеді. Сондықтан болар дәл қазір ешқандай заң ашылып, өнер табылмайтыны, ғылымда жаңалықтың жоқтығы. Бірақ ашылмаған ештеңе қалмаған да болар. Дегенмен ашылып, дәлелденіп қойған нәрсені оки алмау, немесе окуға еріну дұрыс емес .

01 09 08

Жалпы алғанда «барып кел, шауып кел» әркімді де жалықтырады. Бірақ шын мәнінде біреуді жұмсаған жұмсалғаннан да жаман. Біреуге кіріптар болу, тәуелді болу, біреуден көмек күтуден гөрі, біреуге көмек ету керемет.

\* \* \*

Бір адамның табиғи болмысын өзгерту өте киын, кейде мүмкін емес. Сондықтан «сен мұндайсын, сен сондайсың маған ол ұнамайды» деу бәрін құртып тынады.

04 08 08



Ата-ана баласының болмысын өзгерте алмайды. Бала ата-анасын өзгерте алады.

03 09 08

Адамдардың табиғатты осылай шексіз, аяусыз дүшпанының тірлігіндегі пайдаланып жатқаны: бір-бірінен қызғанып, таласып-тармасып, тәтті жеп отырған бір топ кішкентай баланы елестетеді. Расқой. Мәселен, кішкентай бала «ертең де күн бар ғой», немесе «өле жегенше бөле жейік »дегенді білмейді ғой. Қайта бір кәмпіт үшін күні бойы жылауга бар. Адамдар да сол кішкентай балалар сияқты. Табиғатты бір бірінен қызғанып таласып-тармасып, ұрыс шығарып жүріп табиғатты тауысып жеп тынады. Табиғатты тауысып біткен соң, өз өмірлері де біtedі.

14 09 08

АБАЙ: «Жұртым деуге ұялам, өзге жұрттан арланып,» дейді. Айтса айтқандай ол кезде казакта тек қаранғылық бар еді. Сондықтанда ол кезде бар нәрсе білімде, халық ғылым үйренсе өркениет көшіне қосылар еді, «күш сынасқан күндестік», билікке талас, көре алмаушылық жойылар еді делінді. Бірақ хат танып, мектеп көріп, саят ашу адамдардың көкірек көзін аша алмайтындығын уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Бар нәрсе білімде емес еken. Жағымсыз кейіпкерлер өлмейді еken және ғылыммен түзелмейді еken. АБАЙ ЖИРЕНГЕН: «Кұнанбайышыл» топ сол күйінде өзгеріссіз қалып отыр. Бірақ ол кезде бір нәрсе болса «оқымаған ғой» дей салатын. Ал қазір бәрі оқыған, алдының екі - үш



дипломы бар. Бірак қоғам әлі көкірек, каранғы, ойы таяз, қызғаншак, өсекшіл, рушыл, жемкор, атақ құмар. АБАЙ ЗАМАНЫНЫҢ ТРАГЕДИЯСЫ-ол білімсіз надандық. Ал біздің трагедиямыз-окыған надандар. Нағыз көз майын тауысып оқығандар солардың келенкесінде қалып кетуі, қоғамға жол сілтейтін Абайлардың болмауы.

\* \* \*

Көп ақындар бала сүйдірген, өмірдің азабына бірге күйген өздерінің әйелдеріне емес, қосыла алмаған, бір бола алмаған, тіпті өмірлерінде бір-ақ рет көрген адамдарын өмірлік музаларына айналдырады.

21 08 08

Негізі адам баласы бір нәрсені армандап, сол нәрсеге қол жеткізген кезде ол соншалық маңызды емес сияқта болып қалады. Ал армандап жүрген кезде ол сондай ыстық болып көрінеді. Сондыктan, кейбір ыстық нәрселерді қолға алып сұытқаннан, жүректе қайнатып жүрген артық.

\* \* \*

Арынды сатып атақ алғанша, бағынды бағып арам қатқан артық.

\* \* \*

Айнаға қарап бой түзейсін, кітапка қарап ой түзейсін.

\* \* \*

«Әр кімнің өз тағдыры өз қолында», бұлай емес, былай айтқанымыз орынды сияқты: Саналы адамның



тағдыры өз қолында. Неге десеніз? Әр кімнің өз тағдыры өз қолында делік, иә.

Сосын ақылы кем,есі дұрыс емес бір адамды алайық.Оның ақылы кем, есі дұрыс емес, туғалы сондай. Ол атының кім екенін де білмейді,не үшін өмір сүріп жүр,неге бұл әлем оған қозғе шыққан сүйелдей-бірессе аяп ,бірессе қорлап қарайды.Осының бірі де оның ойына кіріп шықпайды. Сонда қалай біз ақыл-есі кем жанның өз тағдыры өз қолында дейміз?! Бұл құлакқа кірмейді ғой.

Ал енді, саналы адамның тағдыры өз қолында делік.Өйткені құдай оған ақыл берді,ес берді.Өзіне ненің дұрыс, ненің бұрыс екенің өзін шеш деді. Айналанды, мамандығынды, жарынды т.б. бәрін өзін танда деді. Ал ол өзінің кесірінен басқа жолға түсіп кетті делік. Неге біз бәрін өз қолымызben жасап аламыз да "құдайдан ғой" деп шыға келеміз?Адам өз кінәсің мойнына алғысы келмейді. Сондықтан өзі нашар оқып окуға түсе алмаса да, арақ па, анаша ма бір нәрсені қоя алмаса да,құмар ойын ойнап ұтылып,немесе біреудің торына өз аяғымен барып тұтылып жатса да «Кұдайдан ғой» дейді. Өйткені солай айта салу онай.Әйтпесе,барлық саналы адам біздерге тандау еркі өзімізге берілген.Кейде ол тандау қын өмір немесе онай ажал деп те келуі мүмкін...

\* \* \*

Көбіне қызық деген нәрселер күнәлі,зиян.



\* \* \*

Аз білген адам көп сөйлейді, көп білген адам үндемейді.

Руссо

Бірак біздің қазақ;

«Үндеместе бәле бар, екі ұртында шала бар» деп үндеместерді жек көреді. Біздің қазақ біреуді боктап отыrsa да, өсектеп отырсада, өтірік айтып отыrsa да әйтеуір сөйлеп отырғанды жақсы көреді.

\* \* \*

Жер бетіндегі қай дінді алып қарасаңызда одүние туралы айтылған. Бұл дүниеде жасаған жақсылығының да, жаманшылығының да өтеуін о дүниеде көресін делінеді. Егерде жер бетінде о дүние туралы ешқандай түсінік болмағанда, өмір бойы бакытсыз болып өткен адамдарға одан сайын қын түсереді.

Әлсіз адамның бар арқа сүйері - о дүниенің бұл дүниенің азабынан құтқарап жұмактың жәннат бағы.





\* \* \*

## МАХАББАТСЫЗ ДУНИЕ БОС.

*Абай.*

Абайдың осы бір сөзін бүкіл қоғам тек қыз берен жігіт арасындағы махаббатқа бағыштайты. Бірақ меніңше, бұл сөздің мағынасы әйел мен ереккег арасындағы сүйіспеншіліктен анағұрлым мағынасы мол, философиясы терең.

“Махаббатсыз дүние бос” деген сөзге дүниедегі махаббат атаулының бәрі кіреді. Ол махаббаттың ішінде әйел мен ереккег арасындағы махаббаттан да манызды аナンың баласына деген, баланың анасына деген адамның еліне, жеріне тіліне, дініне деген махаббаттары бар. Осы аталған махаббаттар өмірде болмаса, онда дүние шынында да бос болар еді.

12 қаңтар 2009 ж. Дүйсенебі

\* \* \* \* \*



## Мазмұны

Алғы сөз.....	3
1-бөлім. Бақыттың қаласына жетем деп жүргендер.....	7
Сога берсің жүрегің.....	8
Бұзбасаңда сен оның еш сынын.....	8
Агайындар.....	9
Ақын жсаны.....	10
Аналар.....	11
Арақ туралы.....	12
Ата рухымен сырласу.....	13
Байдат.....	14
Ауылда жазық жсок.....	15
Нұрлы сағым.....	17
...Бәрі ойын, ойында жыламайды.....	17
«Желтоқсан...» деп.....	18
Төзіп жүрген адамдар.....	20
Алгашқы сезім.....	21
Алда әлі көрер сорын.....	22
Бір жан.....	23
Қазақтың диагнозы.....	24
Сериал ,кино.....	26
Астана (мақтая емес).....	27
Келін мен ене.....	30
Жақсы адам.....	31
Желтоқсан.....	32
Жылылықта татиды еken әр пендे.....	34
Қазақ қызының монологы.....	35
Кей ақын.....	37
Қорықтар.....	38
Көбелек пен шам.....	39
Табигат.....	40
Махаббат.....	41
Ғашық болу.....	42
Мен бәрібір.....	43
Мұрделер.....	45
Наурызда.....	47

# Мадина Еркінбекқызы. ҚАЗАН АЙЫ.



Өмір көші.	48
Рубай.	49
Рубайлар.	49
Рубайлар.	50
Егіз жолдар.	51
Қазақ тойы.	52
Туган жерім -Каратаяым.	54
Ұлттық рух.	55
Рубайлар.	56
Мәжнүндей адамдар.	57
<b>2-бөлім. Отая тіккем басына бұлақ мұнның.</b>	<b>58</b>
Ажал сөзі.	59
Ақ жауынды ағыну.	60
Ана тілім - ардақтым.	61
Ауа райы туралы.	61
Аурухана дәлізіндегі ой.	62
«Бәйшешек-өмірзая».	64
Бәрібір сені қимаймын.	65
Білім -теңіз.	66
Тіл туралы.	66
Бір бақытың.	67
Денсаулық -ай қайран.	68
Күту.	69
«Иә..».	70
Қаңғыбас қонақ.	71
Бүгін менің туган кунім.	72
Шукір деймін.	74
Ей, бауырым.	75
Айга қарап.	76
Ішкі ой.	77
Қазан айы.	78
Қыркүйек әлегіясы .	79
Жылата бер.	80
Наурыздың сегізінде.	81
Қос жанар.	83
Қайталама ленталар.	84

# Мадина Еркінбекқызы. ҚАЗАН АЙЫ.



Қағаз бұлдіру.....	85
Несін келдің.....	86
Бұлақ мұғ басында.....	87
Өмір.....	88
Кара түн.....	89
Біз тұрганда.....	90
Әдемілік.....	92
Жастары бұл гасырдың.....	94
Кал-қалай?.....	95
Қаратаяым.....	96
Қараша-гұмыр.....	97
Қоңыр күз.....	98
Күнделіктен.....	99
Құлазу.....	101
Мен таныған тіршілік.....	102
Менде жоқ махаббаттың бал жыры.....	104
Нагыз әйел болмысы.....	105
О, дүние.....	106
Өмір, үқтый, мен сениң райынды.....	107
Өмірімнің откеніне үңілем.....	108
Ренжіме.....	109
Жер беті сахна.....	110
Таң атты.....	112
Тұрымтайдай уақытый.....	113
Анашым.....	114
Бір сәби шетінегенде.....	115
Жаңа жыл.....	116
Тагы бір күнім өтті.....	118
Депрессия .....	119
Шабыт құсым .....	120
З-бөлім. Оңаша ой.....	121
Жасырын жас.....	122
Оңаша ой.....	124
Махаббатсыз дүние бос.....	133
Мазмұны.....	134

**Мадина Еркінбекқызы**  
**«ҚАЗАН АЙЫ»**

**Редакторы: Мадина Еркінбекқызы**  
**Компьютерде беттеген: Мадина Еркінбекқызы**  
**Беттеуші: Е. Койтуненко**  
**Баспашы: М. Теляева**

**Басуга 16.10.2010 қол қойылды.**  
**Офсеттік қазақ, қалыңдығы 80 гр/м . Офсеттік**  
**басылым. Пішімі: 60x84<sup>1/16</sup>**  
**Шартты баспа табагы 8,75. Есептік баспа табагы 9.**  
**Таралымы 150 дана. Тапсырыс № 000246. Багасы**  
**келісімді.**

**ЖШС «Формат-Принт» басып шыгару баспаханасы,**  
**080003, Тараз қаласы, массив Телеорталық, 8/33-үй**  
**Тел.. 42-52-09**

